

«Еуразиялық банк» АҚ

2014 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін
шоғырландырылмаған қаржылық
есептілік

(Мемлекеттік тілге орыс тіліндегі түпнұсқадан
аударылды)

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлар есебі

Пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы
шоғырландырылмаған есеп 5

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есеп 6

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған
есеп 7-8

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған
есеп 9-10

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер 11-96



Товарищество с ограниченной ответственностью
«КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык, 180
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

«КПМГ Аудит»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
050051 Алматы, Достық д-лы 180
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлар есебі

«Еуразиялық банк» АҚ Директорлар кеңесіне

Біз «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі - «Банк») 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылмаған есептен тұратын қоса берілген шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіне және пайдалар мен зияндар туралы және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі басқа жиынтық табысының шоғырландырылмаған есептеріне, қордағы және ақша қаражаттарының қозғалысындағы өзгерістеріне аудит жүргіздік, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі жағдайларын қысқа шолудан және басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын ескертпелер жасадық.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасауға және шынайы бергені және адал ниетсіз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалаулар баяндалмаған шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау үшін жауапкершілікте болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз біз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіруімізге байланысты болады. Біз аудитті Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сондай-ақ шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте маңызды бұрмалаулар болмайтын қисынды сенімділік алатындай түрде аудитті жоспарлау және жүргізуді талап етеді.

Аудит шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштерді растайтын және ондағы ақпараттарды ашып көрсететін аудиторлық дәлелдемелерді алуға бағытталған рәсімдерді жүргізуді қосады. Рәсімдерді таңдау шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті арам көзқарастар әрекеттерінің немесе қателердің салдарынан маңызды бұрмалаудың тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, аудитордың кәсіби пайымдауларына байланысты болады. Осы тәуекелдерді бағалау процесінде аудитор тиісті жағдайлардың аудиторлық рәсімдерін әзірлеу үшін, бірақ ішкі бақылау тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасауға және дұрыс бергені үшін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудитте сонымен бірге есептік қолданудың тиісті сипатын бағалауды және басшы жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, сонымен бірге тұтастай алғанда шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті беруді бағалау енгізілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелеріміздің біздің аудиторлық пікірімізді бейнелеу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатынын пайымдаймыз.

Пікір

Біздің пікіріміз бойынша, шоғырландырылмаған қаржылық есептілік 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайының барлық маңызды қатынастарда, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысы Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес шынайылығын бейнелейді.

Р.И.Ирматов
Сертификатталған аудитор
Қазақстан Республикасы,
2012 жылғы 6 қаңтардағы No.МФ-0000053
аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылы 6 желтоқсанда № 0000021 аудиторлық қызметпен айналысуға берген мемлекеттік лицензия.

А.Н.Нигай
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас директоры

2015 жылғы 27 наурыз

	Ескерт- пе	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Пайыздық кірістер	4	78,953,172	66,312,027
Пайыздық шығыстар	4	(39,734,225)	(29,261,390)
Таза пайыздық кіріс		39,218,947	37,050,637
Комиссиялық кірістер	5	11,382,842	11,529,968
Комиссиялық шығыстар		(769,699)	(737,513)
Таза комиссиялық кіріс		10,613,143	10,792,455
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялардан келген таза зиян		(608,022)	(141,774)
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза кіріс	6	3,109,312	2,280,325
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерімен жүргізілетін операциялардан келген таза зиян		(349)	(290)
Ипотекалық кредиттерді және тұтынушылық кредиттерді сатудан түскен пайда		1,131,811	707,582
Басқа да операциялық таза шығыстар		(290,010)	(184,080)
Операциялық кіріс		53,174,832	50,504,855
Құнсыздандудың зияндары	7	(10,028,974)	(8,247,859)
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	8	(15,926,456)	(14,584,231)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	9	(13,084,054)	(10,684,593)
Салық салғанға дейінгі пайда		14,135,348	16,988,172
Табыс салығы бойынша шығыс	10	(3,116,950)	(4,073,223)
Бір жылдағы пайда		11,018,398	12,914,949
Басқа жиынтық (зиян) кіріс			
<i>Жіктелген немесе жіктеу барысында пайда немесе зиян құрамында болуы мүмкін баптар:</i>			
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві:			
- әділ құнның таза өзгерісі		(22,839)	62,315
- пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгерісі		349	290
<i>Жіктелген немесе жіктеу барысында пайда немесе зиян құрамында болуы мүмкін баптардың барлығы:</i>		(22,490)	62,605
Бір жылдағы басқа да жиынтық (зиянның) кірістің барлығы		(22,490)	62,605
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс		10,995,908	12,977,554
Қарапайым акцияға базалық және тоғытылған пайда, теңгеде	28	679.68	796.67

5 - 96 беттер аралығында берілген осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті Банктің басшылығы 2015 жылғы 27 наурызда бекітті және оған басшылық атынан қол қойғандар:

М.Эгглтон
Басқарма төрағасы

Л.Н.Нелина
Бас бухгалтер

Пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы тиіс.

	Ес- керт- пе	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	11	109,816,471	81,014,159
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	12	4,025,156	-
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	13	5,913,836	10,979,872
Банктердегі шоттар мен депозиттер	14	13,429,798	2,598,850
Клиенттерге берілген кредиттер	15	582,292,908	426,513,718
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	16	35,184,257	23,462,306
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	17	5,607,853	5,607,853
Ағымдағы салық активі		2,145,193	1,271,228
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	18	22,558,807	19,465,126
Басқа да активтер	19	24,070,624	13,356,178
Активтердің барлығы		805,044,903	584,269,290
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	12	-	2,278
Банктердің шоттары мен депозиттері	20	3,317,312	12,608,055
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	21	7,353,570	8,803,285
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	22	543,556,833	401,781,105
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	103,242,607	32,910,768
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	24	26,028,695	35,669,288
Басқа да тартылған қаражат	25	37,862,573	21,410,349
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	10	1,791,912	253,098
Басқа да міндеттемелер	26	13,628,652	12,064,207
Міндеттемелердің барлығы		736,782,154	525,502,433
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	27	30,110,207	30,110,207
Эмиссиялық кіріс		2,025,632	2,025,632
Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв		8,234,923	8,234,923
Динамикалық резерв		6,733,233	6,733,233
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві		(74,143)	(51,653)
Бөлінбеген пайда		21,232,897	11,714,515
Капиталдың жиынтығы		68,262,749	58,766,857
Міндеттемелер мен капиталдың жиынтығы		805,044,903	584,269,290

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы тиіс.

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Пайыздық кірістер	70,857,845	59,631,417
Пайыздық шығыстар	(38,749,370)	(28,159,130)
Комиссиялық кірістер	11,235,061	11,641,188
Комиссиялық шығыстар	(769,699)	(737,513)
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын, қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялар бойынша таза төлемдер	(4,534,097)	(137,517)
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза түсімдер	3,477,365	2,490,263
Басқа да төлемдер	(298,813)	(184,468)
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар (төлемдер)	(16,553,776)	(14,047,962)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар (төлемдер)	(10,178,387)	(8,120,159)
Операциялық активтердің (ұлғаюы) азаюы		
Банктердегі шоттары мен депозиттері	(9,919,080)	759,294
Клиенттерге берілген кредиттер	(155,478,489)	(78,943,737)
Басқа да активтер	1,044,081	(3,867,547)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы)		
Банктердің шоттары мен депозиттері	(9,752,642)	(6,956,135)
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(1,479,999)	8,801,003
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	117,594,280	94,715,066
Басқа да міндеттемелер	1,158,531	1,842,465
Табыс салығын төленгенге дейін операциялық қызмет(-ке қолданған)/-тен түсетін ақша қаражатының таза түсімі	(42,347,189)	38,726,528
Төленген табыс салығы	(2,452,101)	(4,253,488)
Операциялық қызметтер(-ге қолданатын)/-ден түсетін ақша қаражатының түсімі	(44,799,290)	34,473,040

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы тиіс.

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Еншілес кәсіпорынның акционерлік капиталына салым	-	(2,362,500)
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін сатып алу	(22,698,238)	(10,425,277)
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін сату және өтеу	27,666,445	18,145,893
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу	(52,871,716)	(20,005,394)
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды өтеу	41,419,634	7,000,000
Негізгі қаражат және материалдық емес активтерді сатып алу	(6,677,462)	(5,629,373)
Негізгі қаражатты және материалдық емес активтерді сату	315,802	17,554
Күрделі шығындар бойынша алдын ала төлемдер	79,773	(761,780)
Инвестициялық қызметтерге қолданатын ақша қаражатының түсімі	(12,765,762)	(14,020,877)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	89,816,367	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(2,236,200)	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеуін төлеп алу	(18,219,864)	(1,295,789)
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	12,461	17,534,520
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(9,210,360)	(10,000,000)
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеуін төлеп алу	(828,923)	-
Басқа тартылған қаражаттардың түсімі	23,064,839	12,328,852
Басқа тартылған қаражатты өтеу	(6,893,104)	(9,733,272)
Төленген дивидендтер	(1,500,016)	(2,000,129)
Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражатының түсімі	74,005,200	6,834,182
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза ұлғаюы	16,440,148	27,286,345
Айырбастау бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларының мәніне әсері	12,362,164	777,405
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары	81,014,159	52,950,409
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламалары (11-ескертпе)	109,816,471	81,014,159

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы тиіс.

мың теңге	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	Динамикалық резерв	Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	30,110,207	2,025,632	6,650,265	-	(114,258)	9,117,586	47,789,432
Жиынтық кірістің барлығы							
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	-	12,914,949	12,914,949
Басқа жиынтық кіріс							
<i>Жіктелген немесе жіктеу барысында пайда немесе зиян құрамында болуы мүмкін баптар:</i>							
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	62,315	-	62,315
Пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған, сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	290	-	290
<i>Жіктелген немесе жіктеу барысында пайда немесе зиян құрамында болуы мүмкін баптардың барлығы:</i>	-	-	-	-	62,605	-	62,605
Басқа жиынтық кірістің барлығы	-	-	-	-	62,605	-	62,605
Бір жылдағы жиынтық кірістің барлығы	-	-	-	-	62,605	12,914,949	12,977,554
Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар							
Жарияланған дивидендтер (27 (ә)-ескертпе)	-	-	-	-	-	(2,000,129)	(2,000,129)
Капиталдағы басқа да қозғалыстар							
Жалпы резервті ұлғайту (27 (б)-ескертпе)	-	-	1,584,658	-	-	(1,584,658)	-
Динамикалық резервке аудару (27 (б)-ескертпе)	-	-	-	6,733,233	-	(6,733,233)	-
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	30,110,207	2,025,632	8,234,923	6,733,233	(51,653)	11,714,515	58,766,857

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы тиіс.

	Акциянерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	Динамикалық резерв	Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	30,110,207	2,025,632	8,234,923	6,733,233	(51,653)	11,714,515	58,766,857
Жиынтық кірістің барлығы							
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	-	11,018,398	11,018,398
Басқа жиынтық зиян							
<i>Жіктелген немесе жіктеу барысында пайда немесе зиян құрамында болуы мүмкін баптар:</i>							
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	(22,839)	-	(22,839)
Пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған, сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	349	-	349
<i>Жіктелген немесе жіктеу барысында пайда немесе зиян құрамында болуы мүмкін баптардың барлығы</i>	-	-	-	-	(22,490)	-	(22,490)
Басқа жиынтық зиянның барлығы	-	-	-	-	(22,490)	-	(22,490)
Бір жылдағы жиынтық кірістің барлығы	-	-	-	-	(22,490)	11,018,398	10,995,908
Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар							
Жарияланған дивидендтер (27 (ә)-ескертпе)	-	-	-	-	-	(1,500,016)	(1,500,016)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	30,110,207	2,025,632	8,234,923	6,733,233	(74,143)	21,232,897	68,262,749

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептің көрсеткіштері осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы тиіс.

1 Жалпы ережелер

(а) Негізгі қызмет

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жабық акционерлік қоғам ретінде Қазақстан Республикасында 1994 жылы құрылды. 2003 жылы заңнамаға енгізілген өзгерістердің салдарынан Банк 2003 жылғы 2 қыркүйекте акционерлік қоғам ретінде қайта тіркелді. Банк өз қызметін 2007 жылғы 28 желтоқсанда берілген №237 жалпы банктік лицензия негізінде жүзеге асырады. Банктің брокерлік-дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін №0401100623 және №0407100189 лицензиялары бар. Депозиттер тарту және клиент шоттарын жүргізу, қарыздар мен кепілдіктер беру, кастодиандық және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, бағалы қағаздармен және шетел валюталарымен операциялар жүргізу Банк қызметінің негізгі түрлері болып табылады.

Банк қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен (бұдан әрі «ҚРҰБ») реттеледі.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын 20 өңірлік филиалы (2013 жылы: 20) мен 143 есеп айырысу-кассалық бөлімшесі бар (2013 жылы: 143).

Банктің бас офисінің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56. Банктің активтері мен міндеттемелерінің басым бөлігі Қазақстанда орналасқан.

Банк 2010 жылғы 1 сәуірде еншілес кәсіпорын, «Еуразиялық банк» ААҚ-ты сатып алды, ол Ресей Федерациясы, Мәскеу қ-да орналасқан. (17-ескертпе).

(ә) Акционерлер

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Еуразиялық қаржылық компания» АҚ (бұдан әрі «ЕҚК») Банктің бас компаниясы болып табылады және Банктің 100% акциясына ие (2013 жылы: «ЕҚК» 100% иеленді).

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметін жүзеге асыру талаптары

Банк өз қызметінің басым бөлігін Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан, Банк дамушы нарықтарға тән өзіндік ерекшеліктері көрінетін Қазақстан нарығындағы экономикалық және қаржылық тәуекелдіктерге ұшырайды. Заң, салық және әкімшілік жүйелер үнемі жетілдірілуде, алайда олардың талаптары тәуекелмен әртүрлі түсінікте ұғынылады және құқықтық және фискальды жүйенің басқа да кемшіліктерімен қосылып өз қызметтерін Қазақстанда жүзеге асыратын банктер үшін қосымша қиындықтар туындататын өзгерістер жиі енгізіледі. Берілетін шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Банк басшылығының қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асырудың қазіргі талаптарының Банктің қызметі мен қаржы ережелерінің нәтижесіне әсер етуі мүмкін бағасын көрсетеді. Шаруашылық қызметін жүзеге асыру талаптарының бұдан кейінгі дамуы басшылықтың бағасынан өзгеше болуы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі ұстанымдары

(а) ХҚЕС сәйкестігі туралы өтініш

Ұсынылып отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Банк сондай-ақ ХҚЕС сәйкес 2014 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайды, оны келесі мекенжай бойынша Банктің бас офисінен алуға болады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі ұстанымдары, жалғасы

(ә) Бағалауға арналған база

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары мен әділ құны бойынша көрсетілген, сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есептеу ұстанымдарына сәйкес дайындалған.

(б) Функционалдық валюта және есептілік беру валютасы

Қазақстанның теңгесі (бұдан әрі «теңге») Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола тұрып, Банктің жүргізген операцияларының және оның қызметіне әсер ететін, онымен байланысты жайттардың басым бөлігінің экономикалық маңызын барынша көрсететін Банктің функционалдық валютасы болып табылады.

Қазақстан теңгесі, сондай-ақ аталған шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің деректерін беру валютасы болып табылады.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.

(в) Кәсіби пікірлерді, есептеме бағалауларды және жорамалдарды пайдалану

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындау басшылықтың есеп саясатының ережелері қалай қолданылуына және активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар қандай сомада көрсетілетініне әсер ететін кәсіби пікірлерді, жорамалдар мен есептеме бағалауларды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар мен олардың негізінде жасалған жорамалдар әрдайым талданып отырады. Бағалаулардағы түзетулер осы бағалаулар қайта қарастырылған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістермен қозғалған барлық келесі кезеңдерде де танылады.

Бұдан әрі көрсетілген Ескертпелер есеп беру саясатының ережелерін қолдану кезіндегі айтарлықтай тұрлаусыз бағалауларға және дәлелденген сыни пікірлерге қатысты ақпаратты білдіреді:

- сақтандыру агенті қызметін көрсетуден түскен кіріс – 5-ескертпе
- кредиттердің құнсыздануына қатысты бағалаулар – 15-ескертпе
- қаржы құралдарының әділ құнын бағалаулар – 36-ескертпе.

(г) Есеп беру саясатының және деректерді көрсету тәртібінің өзгерісі

Банк келесі жаңа стандарттарды және бастапқы қолдану күні 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап басқа стандарттарға кез келген кейінгі түзетулерді қоса алғанда, стандарттарға түзетулерді қабылдады.

- ХҚЕС (IAS) 32-ге түзету «Қаржылық құралдар: ақпараттарды беру» – «Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу» активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алудың жаңа ережелерін енгізбейді, оларды қолданудағы сәйкессіздіктерді жою мақсатымен өзара есепке алу өлшемдерін түсіндіреді. Түзетулер кәсіпорын осы сәтте өзара есепке алуды жүргізуге заңды қолданыстағы құқығы барын, егер осы құқық болашақ оқиғаларға байланысты болмаса, сондай-ақ ағымдағы шаруашылық қызметті жүргізу барысында жарамды болып табылатынын, сондай-ақ кәсіпорынның және оның барлық контрагенттерінің төлемге қабылетсіздігі немесе банкроттығы жағдайында міндеттемелерін (дефолт) орындамаған жағдайды анықтайды.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі ұстанымдары, жалғасы

(г) Есеп беру саясатының және деректерді көрсету тәртібінің өзгерісі, жалғасы

Осы түзетулер шоғарландырылмаған қаржылық есептілікке маңызды ықпал етпеді, өйткені Банк қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді нетто-негізде көрсетпейді.

(ғ) Өткен кезендердегі мәліметтерді беру – жіктеу тәртібінің өзгерісі

Салыстырмалы ақпарат, сондай-ақ ағымдағы жылдағы өзгерістерге сәйкес болу үшін қайта жіктелген.

Банктің 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға шоғырландырылмаған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдағы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті сәйкестендіру үшін тиісті көрсеткіштерге әсерін тигізетін белгілі бір жіктеулерді анықтады.

Банктің 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінде клиенттерге берілген кредиттер бойынша агенттік қызметтер шығысы «Комиссиялық шығыстардан» «Пайыздық кірістерге» 1,235,274 мың теңге мөлшерінде жіктелді.

Банктің 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінде автомобильдерді сатып алуға кредиттерді сақтандыруға шығыстар «Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстардан» «Пайыздық кірістерге» 992,740 мың теңге мөлшерінде жіктелді.

Басшылық көп дәрежедегі осындай көрсету ХҚЕС талаптарына сәйкес келеді және Банктің шоғырландырылмаған қаржылық нәтижелері туралы айқын көріністі қамтамасыз етеді деп есептейді. Тиісті көрсеткіштер бойынша қайта жіктеудің ықпалы келесідей көрсетілуі мүмкін:

мың теңге	Жіктеуге сәйкес	Жіктеудің ықпалы	Өткен кезендегі есептілікке сәйкес
2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есеп			
Пайыздық кірістер	66,312,027	(2,228,014)	68,540,041
Таза пайыздық кіріс	37,050,637	(2,228,014)	39,278,651
Комиссиялық шығыстар	(737,513)	1,235,274	(1,972,787)
Таза комиссиялық кіріс	10,792,455	1,235,274	9,557,181
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	(10,684,593)	992,740	(11,677,333)
2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп			
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағыны			
Пайыздық кірістер	59,631,417	(2,228,014)	61,859,431
Комиссиялық шығыстар	(737,513)	1,235,274	(1,972,787)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар (төлемдер)	(8,120,159)	992,740	(9,112,899)

Жоғарыда көрсетілген жіктеулер Банктің қаржылық нәтижелеріне немесе капиталына ықпал етпейді.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері

Төменде көрсетілген есепке алу саясатының ережесі Банктің кәсіпорындарымен осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есеп беру кезеңдеріне, есеп саясатындағы өзгерістерге қатысты 2 (г)-Ескертпесінде көрсетілгендерден басқасы, жүйелілік бойынша қолданылды.

(а) Еншілес компаниялардағы инвестицияларды шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте есепке алу

Еншілес компаниялар дегеніміз – Банктің бақылауындағы инвестиция объектілері болып табылады. Банк инвестиция объектілерін бақылайды, егер Банк инвестиция объектілеріне қатысудың ауысымды кірісіне байланысты тәуекелге ұшыраса немесе аталған пайданы алуға құқығы бар, сондай-ақ аталған пайда көлеміне әсер ете алады, бұл әсер инвестиция объектісіне қатысты өз құзыреттілігін пайдалану арқылы байқалады. Еншілес компанияларға инвестициялар Банктің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіне нақты құны бойынша есепке алынады.

(ә) Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар осы операциялар жасалған күні қолданыста болған валюта бағамдары бойынша Банктің қызметтік валютасына сәйкес аударылады. Есеп берілетін күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелері есеп берілетін күнгі қолданыстағы валюта бағамдары бойынша қызметтік валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелері операцияларының пайдасы мен шығыны есеп берілетін кезең соңындағы жағдай бойынша валюталық бағаммен қызметтік валютаға аударылған шет ел валютасының амортизацияланған құны және кезең ішінде төленген төлемдер мен тиімді мөлшерлеме бойынша есептелінген шамаға түзетілген кезең басындағы жағдай бойынша қызметтік валютаның амортизацияланған құны арасындағы айырмашылықтарды білдіреді. Есеп берілетін күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер есеп берілетін күнгі қолданыстағы валюта бағамдары бойынша қызметтік валютаға аударылады. Есеп берілетін күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген және нақты құны бойынша бейнеленген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер есеп берілетін күнгі қолданыстағы валюта бағамдары бойынша қызметтік валютаға аударылады. Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағам айырмалары, сатуға арналған қолда бар үлестік қаржы құралдарын аудару кезінде туындайтын айырмаларды қоспағанда, айырма құнсыздану салдарынан пайда болған жағдайларды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі, басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағам айырмалары пайда немесе зиян қаржы міндеттемелері құрамына қайта жіктеледі.

(б) Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына ҚРҰБ-дағы және басқа да банктердегі қолма-қол банкноттар мен монеталар, бос қалдықтар («Ностро» түріндегі шоттар) және банктердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем депозиттер кіреді. Ақша қаражаты мен олардың баламалары өтелім (амортизацияланған) құны бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетіледі.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарын жіктеу

Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары келесі қаржылық активтер мен міндеттемелерді көрсетеді:

- негізінен жақын арадағы болашақта сату немесе сатып алу мақсатында сатып алынатын немесе туындайтын;
- бірлесіп басқарылатын және жақында ғана қысқа мерзімді перспективада пайда алу дәлелі бар болған сәйкестендірілген қаржы құралдарының портфелінің бір бөлігі болып табылатын;
- туынды (қаржы кепілдігі шарттары болып табылатын немесе хеджирлеу құралы ретінде құрылған және нақты пайдаланылатын, тиімді болып есептелетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда); немесе
- бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа айқындалған болып табылатын қаржы активтерін немесе міндеттемелерін білдіреді.

Банк қаржы активтерін және міндеттемелерін өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында әділ құн бойынша бағаланатын санатқа айқындайды:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару, оларды бағалау және ішкі есепте көрсету әділ құн негізінде жүзеге асырылады;
- осындай тәсіл бухгалтерлік есепте өзгеше болуы мүмкін сәйкессіздіктердің әсерін толық немесе айтарлықтай жояды; немесе
- активтің немесе міндеттеменің құрамында туынды қаржы құралы жоқ болған кезде шарт бойынша күтілуі мүмкін ақша қаражатының ағындарын айтарлықтай өзгертетін орнатылған туынды қаржы құралы болып табылады.

Саудаға арналған, оң әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары, сондай-ақ келісімшарттарды сатып алуға арналған опциондар қаржылық есептілікте актив ретінде көрсетіледі. Саудаға арналған, теріс әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары, сондай-ақ келісімшарттарды сатуға арналған опциондар шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте міндеттеме ретінде көрсетіледі.

Басшылық, қаржылық құралдарын, олардың бастапқы тану сәтінде қандай тану санатына жатқызу керектігін анықтайды. Өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызудың бастапқы тану сәтіндегі туынды қаржы құралдары мен қаржы құралдары, өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан жіктелмейді. Егер қаржылық активтері несиелерді анықтау мен дебиторлық берешектерге жауап беретін болса, онда ол өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан немесе сату үшін қолда бар активтер санатынан қайта жіктелуі мүмкін, егер Банктің аталған активтерді жақын болашақта немесе оларды өтеу мерзімі басталғанша оларды ұстап қалу мүмкіндіктері мен ниеті болса. Басқа қаржы құралдары өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан өте сирек жағдайларда қайта жіктеледі. Сирек жағдайлар дегеніміз - жақын арадағы болашақта қайталанбайтын ерекше дара оқиғалар.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы

Кредиттер мен дебиторлық берешектер тіркелген немесе белгілі бір төлемдермен көрсетілетін, белсенді қызмет атқаратын нарықпен бағасы белгіленбейтін туынды емес қаржы активтерін білдіреді, бірақ оларға Банктің:

- тез арада немесе жақын арадағы болашақта сатуға ниет білдіргендері;
- бастапқы тану сәтінде өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылатындары;
- бастапқы тану сәтінде сату үшін қолда бар активтер санатына жатқызылатындары; немесе
- кредиттің құнсыздануынан басқа себептер бойынша барлық бастапқы жүргізілген инвестицияларды Банктің өтей алмау мүмкіндіктері кезіндегілері жатқызылмайды.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар тіркелген немесе белгіленген төлемдермен және өтеу мерзімі тіркелген туынды емес қаржы активтерін білдіреді, оларды Банк өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға ниет білдіруге және ұстап тұруға қабілетті және оларға мыналар жатқызылмайды:

- бастапқы тану сәтінде Банк оларды өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатындар санатына жатқызғандары;
- Банк оларды сату үшін қолда бар санатына жатқызғандары; не
- кредит және дебиторлық берешектерге жатқызуға сәйкес келетіндері.

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтеріне сатуға арналған қолда бар санатына жатқызылатын немесе кредит және дебиторлық берешектерге жатқызуға түспейтін, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар немесе өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының туынды емес қаржы активтері жатқызылады.

(ii) Қаржы құралдарын шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте тану

Қаржылық активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есептілікте Банктің аталған қаржы құралдары шартқа отырудың нысаны болып табылған жағдайда көрсетіледі. Қаржылық активтерінің стандартты сатып алуларының басқа барлық жағдайлары есеп жүргізілетін күні көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Қаржы активтері немесе міндеттемелері, өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланбайтын жағдайда, қаржы активтерін немесе міндеттемелерін сатып алуға немесе шығаруға тікелей жатқызылатын мәміле шығындарын қосқанда, бастапқы әділ құны бойынша бағаланады.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау, жалғасы

Бастапқы танудан кейін қаржы активтері, оған қоса актив болып табылатын туынды қаржы құралдары сату немесе басқа шығарып тастау нәтижелеріне байланысты келтірілген мәміле жөніндегі кез келген шығындары қосылмаған әділ құны бойынша бағаланады, оларға мыналар жатқызылмайды:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредит және дебиторлық берешектер;
- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланатын өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар;
- белсенді қызмет атқаратын нарықтағы нарық баға мөлшерлемесі және жеткілікті сеніммен анықтауға болмайтын әділ құны жоқ үлестік құралдардағы инвестициялар. Аталған құралдар шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте нақты шығындары бойынша көрсетіледі.

Барлық қаржы міндеттемелері, өзгертулері кезең ішіндегі табыс пен шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері мен тоқтату белгілерінің шамасына жауап бермейтін әділ құны бойынша көрсетілетін, қаржы активтерінің аударымдары кезінде туындаған қаржы міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(iv) Амортизацияланған құн

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің амортизацияланған құны актив немесе міндеттеме бастапқы тану кезінде бастапқы тану құны мен өтеу кезіндегі құн арасындағы айырманың жинақталған амортизацияның өлшеміне түзетілген берешектің, тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып айқындалған негізі сомасының төлемін шегере отырып, сондай-ақ құнсызданудан болған зияндарды шегере отырып бағаланған құнды білдіреді. Сыйлықақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және осы құралдың тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланады.

Нарықтық мөлшерлемелерден өзгеше мөлшерлеме бойынша алынған/берілген қаржы активтері немесе міндеттемелері, берешектің пайызы және негізгі сомасы (негізгі сомалары) бойынша болашақтағы соманы білдіретін, осыған ұқсас құралдар бойынша нарықтық сыйақы мөлшерлемесіне дисконтталған әділ құны бойынша алу/беру сәтіне қайта бағаланады. Туындаған айырмасы пайда немесе зиян құрамында, нарықтық мөлшерлемеден өзгеше мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын алудан/беруден келген пайда немесе зиян ретінде көрсетіледі. Салдарынан осындай активтер мен міндеттемелердің баланстық құны алу/беру сәтіндегі пайда/зиянның амортизациясы сомасына түзетіледі және тиісті кірістер/шығыстар тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісін пайдаланып, пайда немесе зиян құрамында пайыздық кіріс/шығыс құрамында көрсетіледі.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(v) Әділ құны бойынша бағалау қағидаттары

Әділ құн дегеніміз активті сату кезінде алынған немесе операция талаптарымен міндеттемелерді беру кезінде төленген, негізгі нарықта бағалау күні қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта немесе ол болмаған жағдайда аталған күні Банктің қолжетімділігі бар едәуір пайдалы нарықта жүргізілетін құнды білдіреді. Міндеттемелердің әділ құны оны орындамау тәуекелін көрсетеді.

Банк мүмкіндігінше, белсенді нарықтағы аталған құралдардың баға белгілеуін пайдалану арқылы құралдардың әділ құнын бағалайды. Нарық, егер актив немесе міндеттемелер бойынша жиілікпен жүргізіліп, жеткілікті көлемде тұрақты негізде баға белгілеуді анықтау үшін жүргізілетін болса, белсенді деп танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға белгілеу жоқ болған жағдайда, Банк байқалмайтын шығыс деректерін аз пайдаланып және байқалатын шығыс деректерін көп пайдаланатын бағалау әдісін пайдаланады. Таңдап алынған бағалау әдісіне аталған жағдайларда нарық қатысушылары оны назарға алатын барлық факторлар кіреді.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының әділ құнының жақсы куәсі мәміле бағасы болып табылады, яғни ол орын толтырудың төленген немесе алынған әділ құны. Егер Банк бастапқы тану кезінде әділ құны мәміле бағасынан ерекшеленетінін анықтаса, онда әділ құны ұқсас активтер немесе міндеттемелерге қатысты белсенді нарықтағы ағымдағы баға белгілеуге түспейді және тек қана шығыс деректемелерін пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмейді, қаржы құралдары басында әділ құны бойынша бағаланады, ол бастапқы тану кезі мен баға мәмілесі кезіндегі әділ құны арасында түзетілген. Бастапқы танудан кейін арасындағы айырмашылықтар пайда немесе зиян құрамында құралдың өмір сүруінің барлық кезеңінде тиісті үлгіде көрсетіледі, бірақ бағалау толығымен бақылайтын шығыс деректерімен расталып немесе операция аяқталғаннан кейінгі сәттен кешіктірілмеуі керек.

Егер әділ құны бойынша бағаланатын актив немесе міндеттемелердің сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасы болса, онда активтер мен ұзақ жайғасымдар (позициялар) сұраныс бағасы негізінде бағаланады, міндеттемелер мен қысқа жайғасымдар (позициялар) ұсыныс бағасы негізінде бағаланады.

Нарық және кредит тәуекеліне ұшырған және Банк нарықтық немесе кредит тәуекеліне ұшыраудың таза мәні негізінде басқаратын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің портфельдері анықталған тәуекел мәні үшін таза ұзақ позицияларды сату кезінде алынатын (немесе таза қысқа позицияны беру кезінде төленетін) сомалар негізінде бағаланады. Портфель деңгейіндегі түзетулер, жеке активтер мен міндеттемелер арасында портфельдегі әрбір жеке құралдың тәуекелін ескеріп бөлінеді.

Банк деңгейлер арасындағы аударымдарды өзгертулер жүргізілген есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша әділ құнның иерархиясында таниды

(vi) Кейінгі бағалау кезінде туындайтын пайда мен зияндар

Қаржы активтері немесе міндеттемелерінің әділ құнын өзгерту кезінде туындайтын пайда немесе зиян мына үлгіде көрсетіледі:

- қаржы құралдары бойынша пайда мен зиян әділ құны бойынша бағаланатындар санатына жіктеледі, олардың өзгертулері кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі және пайда немесе шығын құрамына енгізіледі;

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(vi) *Кейінгі бағалау кезінде туындайтын пайда мен зияндар, жалғасы*

- сатуға арналған қолда бар қаржы активтері бойынша пайда мен зиян активті тану тоқтатылған сәтке дейінгі капиталдағы жиынтық табыс құрамында көрсетіледі (сатуға арналған қолда бар борыштық қаржы құралдары бойынша шетел валютасының қалдықтары аударымынан келетін пайдалар мен зияндар және құнсыздану шығындарынан басқа), капитал құрамында бұрын көрсетілген жинақталған пайда немесе шығын, пайда немесе зиян құрамына аударылады. Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер туындау сәтінде пайыздық құрамындағы тиімді сыйақы мөлшерлеме әдісін пайдаланумен пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша пайда мен зиян қаржы активтері немесе міндеттемелері танылуын тоқтатқанда немесе құнсызданғанда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу үдерісінде пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

(vii) *Тануды тоқтату*

Банк қаржы активін тануды ол осы қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағындарына шартта көзделген құқығын жоғалтқан кезде, не ол қаржы активін осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайдалар іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Банк осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай бөлігін өткізбеген және сол сияқты сақтамаған, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамаған кезде жоғалтады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, өткізілетін қаржы активтеріндегі Банк құрған немесе ол үшін сақталған кез келген қатысу үлесі қаржы жағдайы туралы есепте бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Банк қаржы міндеттемесін тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалып жатқан, жойылған немесе олардың әрекет ету мерзімі аяқталған кезде тоқтатады.

Банк мәмілелер жасайды, соның талаптары бойынша активтердің қаржылық жағдайлары туралы шоғырландырылмаған есепте танылғандарды тапсырады, сонымен бірге тапсырылған активтерде меншік құқығынан туындайтын пайданың және тәуекелдің бір бөлігін немесе барлығын сақтайды. Банк барлық тәуекелдер мен пайданың барлығын сақтау кезінде тапсырылған активтерді тануды тоқтатпайды.

Мәмілелер жасау кезінде, олардың талаптары бойынша Банк қаржы активтеріне меншік құқығымен туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы өзіне қалдырмайды және тапсырмайды, егер Банк активтерді бақылаудан айырылса, осы активтерді тану тоқтатылады.

Егер активтерді тапсыру кезінде Банктің оларды бақылау құқығы сақталса, оның құны өзгерумен Банктің бейімделген деңгейі ретінде анықталатын активке қатысуды өзіне қалдырған сол деңгейде активтерді тануды жалғастырады.

Егер Банк меншікті борыштық міндеттемелерді сатып алса, онда ол қаржылық жағдайы туралы есептіліктен алынады және міндеттемелердің баланстық құны және төленген өтемдер арасындағы айырмашылық міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуден түскен пайда немесе зиян құрамына ендіріледі.

Банк активтер өндіріп алуға үмітсіз деп танылғаннан кейін ғана оларды есептен шығарады.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(viii) «Репо» және «кері репо» мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесімен (бұдан әрі, «репо» мәмілелері) сату туралы келісімдер шеңберінде сатылған бағалы қағаздар, бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыру тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте бағалы қағаздарды көрсету жалғаса береді, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер «Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек құрамына ендіріледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздық шығынды білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланып, «Репо» мәмілелерінің әрекет ету кезеңіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен («кері репо» мәмілелері) сатып алу туралы келісімдер шеңберінде сатып алынған, «кері репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек құрамына ендірілген бағалы қағаздар. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланып, «кері репо» мәмілелерінің әрекет ету кезеңіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Егер кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер шеңберінде сатып алынған активтер үшінші тараптарға сатылатын болса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

(ix) Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржылық құралдар өзіне «своп» мәмілелері, форвардтық келісімшарттар және фьючерстік мәмілелер, «спот» мәмілелері және пайыздық мөлшерлемелерге опциондар, шетел валютасы, құнды металдар және бағалы қағаздар, сондай-ақ ертеректе атап көрсетілген құралдардың кез келген құрамдастырылымын қосады.

Туынды қаржылық құралдар бастапқыда мәміле жасалған күнгі әділ құны бойынша бағаланады және соңында әділ құны бойынша қайта бағаланады. Туынды қаржылық құралдардың барлығы, егер олардың әділ құны оң болғанда және міндеттемелер ертінде, егер олардың әділ құны кері болғанда активтер ретінде бейнеленеді.

Туынды құралдардың әділ құнын өзгерту кешіктірмей пайда немесе залал құрамында бейнеленеді.

Тіпті Банк туынды қаржылық құралдарды тәуекелдерді хеджирлеу мақсаты үшін сататын болса да, мұндай құралдар хеджирлеу есебіне түспейді.

(x) Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Егер ол үшін заңдық тұрғыдан негіздеме болса және тараптардың берешектерді өзара есепке алу немесе активтерді сату және міндеттемелерді бір уақытта орындау арқылы реттеу ниеті болған жағдайда Банктің қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және ықшамдалған түрде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетіледі.

(г) Негізгі құралдар

(i) Мениік активтер

Негізгі құралдардың объектілері жинақталған амортизацияны және құнсызданған шығындарды қоспай өлшенетін іс жүзіндегі шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер негізгі құралдар объектісінің пайдалы қолдану мерзімі әр түрлі бірнеше құрамдас бөліктерден тұрса, ондай құрамдас бөліктер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(г) Негізгі құралдар, жалғасы

(ii) Амортизация

Негізгі құралдар бойынша амортизация оларды пайдалы қолдану болжанған мерзімі аралығында тозуды бірқалыпты есептеу әдісі бойынша есептелінеді және пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап есептелінсе, ал шаруашылық әдіспен салынған негізгі құрал объектілері – объекті құрылысы аяқталып және пайдалануға жарамды болған кезеңнен бастап есептелінеді. Жер учаскелері бойынша амортизация есептелінбейді. Негізгі құралдардың әртүрлі объектілерінің пайдалы қолдану мерзімдері төменде көрсетілген үлгі бойынша көрсетілуі мүмкін:

- | | |
|--|--------------|
| - Ғимарат | 25 - 40 жыл; |
| - Компьютер және банк құрал-жабдықтары | 3-8 жыл; |
| - Көлік құралдары | 7 жыл; |
| - Жиһаз | 8 - 10 жыл; |
| - Жалға алынған жылжымайтын мүлікті жақсарту | 5 жыл. |

(ғ) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданған шығындарды қоспай өлшенетін іс жүзіндегі шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық жасақтауға лицензия сатып алуға және оны ендіруге жұмсалатын шығындар тиісті материалдық емес активтер құнында капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды пайдалы қолданудың болжанған мерзімі аралығында тозуды бірқалыпты есептеу әдісі бойынша есептелінеді және пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Негізгі құралдардың әртүрлі объектілерінің пайдалы қолдану мерзімдері төменде көрсетілген үлгі бойынша көрсетілуі мүмкін:

- | | |
|---|------------|
| - Сауда белгісі | 10 жыл; |
| - Бағдарламалық жасақтау және басқа материалдық емес активтер | 5 - 7 жыл. |

(д) Құнсыздану

Банк әрбір есеп беретін кезең соңында қаржы активтері мен қаржы активтерінің тобына құнсызданудың нақты расталуына баға береді. Осындай толыққанды растаулар болған жағдайда Банк құнсызданудан болған кез келген шығын мөлшерін бағалайды.

Қаржы активтері мен қаржы активтерінің топтары құнсызданады және залалдар құнсызданудан, қаржы активтері мен қаржы активтері топтарының бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше жағдайлар нәтижесінде құнсызданудың әділ дәлелдері болу талаптары кезінде, және аталған жағдай (немесе жағдайлар) сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалауға болатын, кредит бойынша алдағы уақытта болатын ақша қаражаттары ағымына әсер еткенде орын алады.

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшерін анықтау кезінде басшылар келесі жорамалдарды жасаған:

- келтірілген нақты зиянның жылдық деңгейі кезең үшін 0.55-1.13% құрайды;
- сатылған жағдайда кепілде тұрған меншіктің бастапқы бағаланған құнының 15%-50% төмендеуі;
- қамтамасыз етуді сатудан түскен түсімді алудың 12-36 айға кешіктірілуі.

Жоғарыда келтірілген бағалауларды өзгерту кредиттердің құнсыздануына арналған резервтің көлеміне әсер етуі мүмкін. Мысалы, болжамды ақшалай ағын құнының ағымдағы сәтіне келтірілген таза көлемі плюс/минус бір пайызға өзгергенде корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануға арналған резервінің мөлшері 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2,912,653 мың теңгеге төмен/жоғары болар еді (2013 жылы 31 желтоқсанда: 2,098,913 мың теңгеге төмен/жоғары).

(ii) *Жеке клиенттерге берілген кредиттер*

Банк жеке клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшерін кредиттердің осы түрлері бойынша нақты шеккен шығындардың өткен тәжірибесі негізінде бағалайды. Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшерін анықтау кезінде басшылық қолданған айтарлықтай жорамалдарға келесілер кіреді:

- қамтамасыз етілмеген кредиттерді қайтару коэффициенттері соңғы 2-6 жылдағы ақшалай қаржыны қайтарудың тарихи коэффициенттері негізінде есептеледі;
- қамтамасыз етілмеген кредиттерді қайтару коэффициенттері соңғы 2-6 жылдағы ақшалай қаржыны қайтарудың тарихи коэффициенттері негізінде есептеледі, «төлем талап тапсырмасы» (ТТТ) негізінде қайтару коэффициенттері бойынша кешірек деректер есебімен түзетілген. ТТТ Қазақстанның басқа банктеріне сол банктердегі Банктің клиенттерінің ағымдағы шоттары мен депозиттерін анықтаған жағдайда төлемді талап ету мақсатымен жіберіледі. ТТТ бағдарламасы 2013 жылғы мамырда іске қосылған және алымдар 2014 жылдың ішінде өсуін жалғастырды. Басшылық Банк ТТТ-дан алымдарды 2014 жылғы деңгейде сақтауға қабілетті екендігіне сенімді. Егер Банк ТТТ бағдарламасын есеп айырысуда есепке алмаса, жеке клиенттерген берілген кредиттердің құнсыздануына резерв 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5,659,229 мың теңгеге өсер еді;
- сатылған жағдайда кепілде тұрған меншіктің жыл сайынғы бағаланған құнының 15%-50% төмендеуі;
- қамтамасыз етуді сатудан түскен түсімді алудың 12 айға кешіктірілуі.

Жоғарыда келтірілген бағалауларды өзгерту кредиттердің құнсыздануына арналған резервтің көлеміне әсер етуі мүмкін. Мысалы, болжамды ақшалай ағын құнының ағымдағы сәтіне келтірілген таза көлемі плюс/минус үш пайызға өзгергенде жеке клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануға арналған резервінің мөлшері 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 8,730,828 мың теңгеге төмен/жоғары болар еді (2013 жылы 31 желтоқсанда: 6,498,674 мың теңгеге төмен/жоғары).

15 Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

(б) Қамтамасыз етуді талдау

(i) Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер үшін кредитті жеке бағалау және қамтуға тест жүргізілуі тиіс. Корпоративтік клиенттің жалпы кредитке қабілеттілігі клиентке берілген кредиттің аса маңызды көрсеткішін көрсетеді. Оның үстіне, қамту қосымша кепілдік болып табылады және Банк, әдетте, корпоративтік қарыз алушылардан қамтуды талап етеді.

Кестеде қамтамасыз ету және корпоративтік клиенттерге берілген (құнсыздану резервін шегерумен) кредиттер бойынша кредиттің сапасын жоғарылатудың басқа құралдары туралы ақпарат келтірілген, қамтамасыз ету түрлері бойынша:

2014 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	Клиенттерге берілген кредиттер- дің баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ құны - есеп беретін күнгі жағдайға сәйкес бағаланған қамтамасыз ету	Қамтамасыз етудің әділ құны - кредит берілген күнгі жағдайға сәйкес бағаланған қамтамасыз ету	Әділ құны анықталмаған
Құнсызданудың жеке белгілерінсіз кредиттер				
Жылжымайтын мүлік	67,738,247	57,772,089	9,966,158	-
Болашақтағы шарттар бойынша кірістер	65,503,697	-	-	65,503,697
Сактандыру	39,231,141	-	-	39,231,141
Астық	24,981,565	20,621,510	4,360,055	-
Көлік құралдары	17,600,423	6,578,168	11,022,255	-
Құрал-жабдықтар	10,742,365	8,802,009	1,940,356	-
Аяқталмаған құрылыс	7,119,811	7,119,811	-	-
Жер қойнауын пайдалануға құқықтар	6,187,976	6,187,976	-	-
Корпоративтік кепілдіктер (рейтингісіз) және жеке тұлғаларға кепілдіктер	2,571,342	-	-	2,571,342
Ақша қаражаттары және депозиттер	4,061,675	-	4,061,675	-
Айналымдағы тауарлар	1,392,070	914,946	477,124	-
Басқа қамтамасыз етулер	4,717,218	4,717,218	-	-
Қамтамасыз етусіз және басқа нығайту құралдарсыз кредиттің сапасын арттыру	25,170,872	-	-	25,170,872
Құнсызданудың жеке белгілерінсіз кредиттердің барлығы	277,018,402	112,713,727	31,827,623	132,477,052
Мерзімі кешіктірілген немесе құнсызданған кредиттер				
Жылжымайтын мүлік	9,290,274	4,129,407	5,160,867	-
Болашақтағы шарттар бойынша кірістер	2,098,116	-	-	2,098,116
Құрал-жабдықтар	1,294,171	1,219,470	74,701	-
Көлік құралдары	218,560	217,915	645	-
Астық	100,100	100,100	-	-
Корпоративтік кепілдіктер (рейтингісіз) және жеке тұлғаларға кепілдіктер	35,417	-	-	35,417
Сактандыру	26,532	-	-	26,532
Айналымдағы тауарлар	17,807	13,310	4,497	-
Ақша қаражаттары және депозиттер	12,927	-	12,927	-
Басқа қамтамасыз етулер	3,847	-	3,847	-
Қамтамасыз етусіз және басқа нығайту құралдарсыз кредиттің сапасын арттыру	1,149,170	-	-	1,149,170
Мерзімі кешіктірілген немесе құнсызданған кредиттердің барлығы	14,246,921	5,680,202	5,257,484	3,309,235
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің барлығы	291,265,323	118,393,929	37,085,107	135,786,287

15 Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы**(б) Қамтамасыз етуді талдау, жалғасы****(і) Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы**

2013 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	Клиенттерге берілген кредиттер- дің баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ құны - есеп беретін күнгі жағдайға сәйкес бағаланған қамтамасыз ету	Қамтамасыз етудің әділ құны - қарыз берген күнгі жағдайға сәйкес бағаланған қамтамасыз ету	Әділ құны анықталма- ған
Құнсызданудың жеке белгілерінсіз кредиттер				
Жылжымайтын мүлік	46,652,033	35,463,008	11,189,025	-
Болашақтағы шарттар бойынша кірістер	32,941,117	-	-	32,941,117
Сактандыру	31,877,015	-	-	31,877,015
Астық	22,042,993	22,042,993	-	-
Құрал-жабдықтар	11,256,861	9,669,174	1,587,687	-
Аяқталмаған құрылыс	9,311,377	9,311,377	-	-
Көлік құралдары	7,456,973	6,471,473	985,500	-
Корпоративтік кепілдіктер (рейтингсіз) және жеке тұлғаларға кепілдіктер	2,151,523	-	2,151,523	-
Ақша қаражаттары және депозиттер	1,114,698	849,582	265,116	-
Айналымдағы тауарлар	197,485	-	-	197,485
Жер қойнауын пайдалануға құқықтар	45,171	45,171	-	-
Басқалары	3,282,610	3,277,130	5,480	-
Қамтамасыз етусіз және басқа нығайту құралдарсыз кредиттің сапасын арттыру	27,992,373	-	-	27,992,373
Құнсызданудың жеке белгілерінсіз кредиттердің барлығы	196,322,229	87,129,908	16,184,331	93,007,990
Мерзімі кешіктірілген немесе құнсызданған кредиттер				
Жылжымайтын мүлік	5,632,792	3,509,482	2,123,310	-
Болашақтағы шарттар бойынша кірістер	1,954,431	1,728,460	225,971	-
Айналымдағы тауарлар	1,792,788	-	-	1,792,788
Сактандыру	854,400	-	-	854,400
Құрал-жабдықтар	510,837	-	510,837	-
Көлік құралдары	337,360	227,427	109,933	-
Ақша қаражаттары және депозиттер	160,324	-	160,324	-
Корпоративтік кепілдіктер (рейтингсіз) және жеке тұлғаларға кепілдіктер	5,032	-	-	5,032
Қамтамасыз етусіз және басқа нығайту құралдарсыз кредиттің сапасын арттыру	2,321,064	-	-	2,321,064
Мерзімі кешіктірілген немесе құнсызданған кредиттердің барлығы	13,569,028	5,465,369	3,130,375	4,973,284
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің барлығы	209,891,257	92,595,277	19,314,706	97,981,274

Бұрын келтірілген кестелерде артық қамтамасыз етудің құны жоқ.

Банктің кредит беру күніне қамтамасыз етудің әділ құны бойынша бағаланған және кейіннен қамтамасыз етудің құнын бағалау жүргізілмеген кредиттері, сондай-ақ қамтамасыз етудің әділ құны анықталмаған кредиттері бар. Кредиттердің бөлігі үшін қамтамасыз етудің әділ құны есептік күнгі жағдай бойынша белгіленген. Қамтамасыз етудің құны туралы ақпарат, егер бағалау жүргізілген болса, қандай күні бағалау жүргізілді, соған байланысты келтірілді.

15 Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

(б) Қамтамасыз етуді талдау, жалғасы

(i) *Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы*

Қамтамасыз етудің аралас түрлерімен қамтамасыз етілген қарыздар бойынша бағалау үшін барынша маңызды болып табылатын қамтамасыз ету ашылады. ШОБ қарыз алушыларының акционерлері сияқты жеке тұлғалардан алынған кепілдіктер мен кепілдер құнсыздану белгілерін бағалау мақсатында ескерілмейді. Осылайша, аталған кредиттер мен ішінара қамтамасыз етуі бар, қамтамасыз етуі жоқ кредиттердің бөлігі «Қамтамасыз етусіз және басқа нығайту құралдарсыз кредиттің сапасын арттыру» санатына жатқызылады.

Корпоративтік клиенттерге берілген мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған кредиттерді өндіру мүмкіндігі қамтамасыз етудің құнына қарағанда, қарыз алушының кредит қабілеттілігі дәрежесіне көбірек байланысты болады және Банк әрбір есептік күнгі жағдай бойынша бағалауды әрдайым жүргізе бермейді.

(ii) *Жеке клиенттерге берілген кредиттер*

Ипотекалық кредиттер тиісті тұрғын жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген. Шағын бизнес кәсіпорындарының кредиттері жылжымайтын және жылжымалы мүлік кепілімен қамтамасыз етілген. Автомобиль сатып алуға берілген кредиттер тиісті автомобильдердің кепілімен қамтамасыз етілген. Ақшалай қарыздар ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген. Қамтамасыз етілмеген тұтынушылық кредиттердің қамтамасыз етулері жоқ.

Ипотекалық кредиттер

Ипотекалық кредиттер портфелінің құрамына таза баланстық құны 2,369,001 мың теңге (2013 жылы 31 желтоқсанда: 3,965,038 мың теңге), қамтамасыз етудің әділ құны тиісті кредиттердің таза баланстық құнынан аз кредиттер кіреді. Көрсетілген кредиттер бойынша қамтамасыз етудің әділ құны 1,113,122 мың теңгені құрайды (2013 жылы 31 желтоқсанда: 2,399,554 мың теңге).

Басшылық таза баланстық құны 11,733,391 мың теңге (2013 жылы 31 желтоқсанда: 11,720,942 мың теңге) ипотекалық кредиттер бойынша қамтамасыз етудің әділ құны, ең аз дегенде тиісті кредиттердің есептік күнгі жағдай бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Банк кредит берген күнгі қамтамасыз етудің бағалау құнын жылжымайтын мүлік объектілерінің бағдарлы өзгерістерін ескеріп, оның ағымдағы құнына дейін қайта қарайды. Банк құнсыздану белгілері туындаған жағдайда, жекелеген кредиттер бойынша әр жарты жыл сайын қамтамасыз етуді арнайы бағалауды жүргізеді.

Таза баланстық құны 11,654,514 мың теңге (2013 жылы 31 желтоқсанда: 13,224,261 мың теңге) ипотекалық кредиттерге қатысты қамтамасыз етудің әділ құны кредит берілген күні белгіленген болатын және есептік күнгі жағдай бойынша кейінгі өзгерістерді ескеріп түзетілген жоқ.

Автомобиль сатып алуға кредиттер

Басшылықтың бағалауы бойынша автомобиль сатып алуға кредиттердің құнсыздануына резервтің мөлшері 2,164,762 мың теңгеге (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 525,835 мың теңгеге) жоғары болар еді, қамтамасыз ету есебінсіз.

Жеке кәсіпкерлік қызметке берілген кредиттер

Жеке кәсіпкерлік қызметке берілген кредиттер құрамына таза баланстық құны 668,011 мың теңге (2013 жылы 31 желтоқсанда: 2,657,990 мың теңге) кредиттер кіреді, олар жеке қарыздардың таза баланстық құнына қарағанда аз мөлшердегі әділ құнның кепілімен қамтамасыз етілген. Көрсетілген кредиттер бойынша қамтамасыз етудің әділ құны 313,971 мың теңгені құрайды (2013 жылы 31 желтоқсанда: 2,644,668 мың теңге).

15 Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы**(б) Қамтамасыз етуді талдау, жалғасы****(ii) Жеке клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы**

Жеке кәсіпкерлік қызметке берілген кредиттер, жалғасы

Жеке кәсіпкерлік қызметкер берілген таза баланстық құны 9,463,786 мың теңге (2013 жылы 31 желтоқсанда: 8,951,784 мың теңге) кредиттерге қатысты басшылық, қамтамасыз етудің әділ құны ең аз дегенде жеке қарыздардың есептік күнгі баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Банк кредит берген күнгі қамтамасыз етудің бағалау құнын жылжымайтын мүлік объектілерінің бағдарлы өзгерістерін ескеріп, оның ағымдағы құнына дейін қайта қарайды. Банк құнсыздану белгілері туындаған жағдайда, жекелеген кредиттер бойынша әр жарты жыл сайын қамтамасыз етуді арнайы бағалауды жүргізеді.

Жеке кәсіпкерлік қызметке берілген таза баланстық құны 6,352,054 мың теңге (2013 жылы 31 желтоқсанда: 7,104,027 мың теңге) кредиттерге қатысты қамтамасыз етудің әділ құны кредит берілген күні белгіленген болатын және есептік күнгі жағдай бойынша кейінгі өзгерістерді ескеріп түзетілген жоқ.

(в) Кредит портфелін экономика салалары және географиялық өңірлер бойынша талдау

Еншілес ресейлік банктің клиенттеріне берілген кредиттерден басқа, кредиттер Қазақстан Республикасының аумағында экономиканың келесі салаларында қызмет атқаратын клиенттерге артықшылықпен берілді:

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер		
Көтерме сауда	98,778,669	67,336,115
Құрылыс	44,495,229	27,739,290
Көлік	36,380,918	14,587,091
Ауыл шаруашылығы, орман өнеркәсібі және ағаш өңдеу кешені	33,376,046	33,448,588
Өнеркәсіптік өндіріс	19,173,584	11,250,637
Қызметтер	17,197,487	12,250,035
Тау-кен өнеркәсібі/металлургия	15,438,293	13,751,948
Бөлшек сауда	11,867,613	12,632,172
Жалдау, прокат және лизинг	5,427,276	5,930,612
Тағам өнімдерін өндіру	4,604,354	5,962,130
Зерттеу қызметі	2,638,171	3,407,717
Қаржылық делдалдық	1,710,219	2,414,703
Медициналық қызмет көрсету және әлеуметтік сала	1,406,947	1,705,085
Электр қуатын өндіру және жеткізу	875,747	3,401,557
Ойын-сауық саласы	598,731	584,241
Баспа қызметі	301,704	396,656
Жылжымайтын мүлік	164,109	1,336,098
Басқалары	4,578,979	5,594,136
Жеке клиенттерге берілген кредиттердің барлығы		
Автомобиль сатып алуға кредиттер	144,162,438	76,326,793
Қамтамасыз етілмеген тұтынушылық кредиттер	139,935,365	127,075,786
Ипотекалық кредиттер	16,174,953	17,943,436
Жеке кәсіпкерлік қызметке берілген кредиттер	15,058,722	16,664,846
Ақшалай қаржымен қамтамасыз етілген кредиттер	36,138	171,172
Приват банкинг клиенттеріне кредиттер	-	150,894
	614,381,692	462,061,738
Құнсыздануға арналған резерв	(32,088,784)	(35,548,020)
	582,292,908	426,513,718

15 Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

(г) Клиенттерге берілген кредиттерді топтастыру

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің 9 қарыз алушысы немесе кредиттері бойынша қалдықтары капиталдың 10% асатын өзара байланысты қарыз алушы топтары бар (2013 жылы 31 желтоқсанда: 7). Көрсетілген контрагенттердің кредиттерінің жиынтық көлемі 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 108,160,684 мың теңгені құрады (2013 жылы 31 желтоқсанда: 56,119,420 мың теңге).

(ғ) Кредиттерді өтеу мерзімдері

Есептік күнгі жағдай бойынша кредит портфелін құрайтын кредиттердің өтеу мерзімі 30 (в) Ескертпеде берілген және есептік күннен бастап кредит шарттары бойынша өтеу күніне дейінгі кезең уақытын білдіреді.

(д) Қаржы активтерін аудару

Банк 2014 жылы баланстық құны 22,367,887 мың теңге тұтынушылық кредиттер портфелін 23,125,868 мың теңгеге қайта табыстау туралы келісімге сәйкес сатты. Пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есепте танылған таза пайда аударым күні 757,981 мың теңгені құрады.

2014 жылғы маусымда баланстық құны 3,820,407 мың теңге ипотекалық кредиттер портфелін 3,969,928 мың теңгеге сатты (2013 жылы желтоқсанда: ипотекалық кредиттердің портфелі 12,509,133 мың теңге сомасына сол үшінші тарапқа 13,242,692 мың теңгеге сатылған еді) және сатып алушыға, егер кредиттердің мерзімі 60 күннен аса кешіктірілсе кері сатып алу немесе жеке кредиттерді айырбастау кепілдігін берді. Кері сатып алу немесе айырбастау сомасы сату күнгі берілген қаржы активтерінің 20% шектеледі. Пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есепте танылған таза пайда аударым күні 154,752 мың теңгені (2013 жылы: 707,582 мың теңге) құрады. Банк активтерді сатып алушыға тәуекелдер мен пайдалардың барлығын емес, кейбіреуін берді деп анықтады, сондықтан Банк бақылауды сақтайды және кредиттерді аталған ипотекалық кредиттерге қатысуды жалғастырған дәрежесінде тануды жалғастыра береді.

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсанда жағдай бойынша Банктің берген портфельге қатысуды жалғастыра беруі қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есептегі басқа активтер құрамында (19-ескертпе) 5,547,428 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 4,235,721 мың теңге) мөлшерінде көрсетіледі, бұл ретте басқа міндеттемелер құрамына кіргізілген қатысуды жалғастырудағы тиісті міндеттеме 4,653,790 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 3,905,380 мың теңге) (26-ескертпе) құрайды, ал кепілдіктің 102,456 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 102,707 мың теңге) мөлшеріндегі әділ құны басқа міндеттемелер құрамында танылған. Осы активке сондай-ақ 1,420,864 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 1,090,077 мың теңге) мөлшердегі пайыздық стрип бойынша дебиторлық берешек жатады, ол қарызды сатып алушыдан сыйақының бір бөлігін алудан сатылған портфель бойынша ипотекалық қарыздарды алу құқығын білдіреді. Банк сатылған портфельден ипотекалық қарыздардың ай сайынғы негізде жылдық 1.7% алуға құқылы.

16 Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Банктің меншігінде болып табылатындар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық облигациялары	14,436,547	14,074,495
ҚРҰБ ноталары	15,336,656	-
Корпоративтік облигациялар «ВВ-»-дан «ВВ+»-ге дейінгі кредит рейтингісімен	2,736,497	-
	32,509,700	14,074,495
«Репо» мәмілелері бойынша кепілде тұрғандар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық облигациялары	569,059	9,387,811
ҚРҰБ ноталары	2,105,498	-
	35,184,257	23,462,306

Кредит рейтингілері «Fitch» кредит агенттігінің стандарттарына сәйкес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ноталар немесе облигациялардың мерзімі кешіктірілмеген немесе құнсызданбаған (2013 жылғы 31 желтоқсан: мерзімі кешіктірілмеген немесе құнсызданбаған).

17 Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің нақты шығындары бойынша есепке алынатын бір еншілес банкі бар.

Атауы	Тіркелген елі	Қызметі	Меншік үлесі, %	Баланстық құны	Меншік үлесі, %	Баланстық құны
			2014 ж. 31 желтоқсан	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
«Еуразиялық банк» ААҚ, Москва	Ресей Федерациясы	Банк қызметі	99.99	5,607,853	99.99	5,607,853
				5,607,853		5,607,853

2010 жылғы 1 сәуірде Банк «Банк Тройка Диалог» ААҚ ресейлік банкінің үлесін үшінші тараптан 99,99% мөлшерінде, 22,075 мың АҚШ доллары және 150 мың рубль мөлшерінде жалпы өтеумен сатып алды, есеп айырысу ақша қаражатымен жүргізілді. Бас компания 0.01% қалған үлесін 0.09 АҚШ долларына сатып алды.

2013 жылы қазан және желтоқсан айларында Банк еншілес кәсіпорынның жарғылық қорына 2,362,500 мың теңге мөлшерінде қосымша жарна жүргізді.

18 Негізгі қаражат және материалдық емес активтер

	Жер телімдері мен ғимараттар	Компьютерле р және банк жабдықтары	Көлік құралдары	Офис жиһазы	Аяқталмаған құрылыс және орнатылатын жабдықтар	Жалға алынған жылжымайтын мүлікті жақсарту	Сауда белгісі	Бағдарлама- лық қамтамасыз ету және басқа материалдық емес активтер	Барлығы
мың теңге									
Нақты құны									
2014 жылғы 1									
қаңтардағы қалдық	10,488,777	10,685,063	677,997	719,842	83,016	547,731	1,075,716	4,210,249	28,488,391
Түсімдер	796,166	2,681,834	152,415	103,110	400,831	401,683	-	2,141,423	6,677,462
Шығулар	(173,655)	(637,712)	(6,912)	(18,798)	(669)	(56,753)	-	(57,027)	(951,526)
2014 жылғы 31									
желтоқсандағы жағдай									
бойынша қалдық	11,111,288	12,729,185	823,500	804,154	483,178	892,661	1,075,716	6,294,645	34,214,327
Тозу және амортизация									
2014 жылғы 1									
қаңтардағы қалдық	(1,190,871)	(4,448,117)	(344,142)	(208,185)	-	(282,719)	(248,574)	(2,300,657)	(9,023,265)
Жыл ішіндегі тозу және амортизация	(254,218)	(1,935,853)	(76,423)	(78,672)	-	(89,818)	(103,411)	(738,387)	(3,276,782)
Шығулар	235	551,364	6,912	13,698	-	56,753	-	15,565	644,527
2014 жылғы 31									
желтоқсандағы жағдай									
бойынша қалдық	(1,444,854)	(5,832,606)	(413,653)	(273,159)	-	(315,784)	(351,985)	(3,023,479)	(11,655,520)
Баланстық құны									
2014 жылғы 31									
желтоқсанда	9,666,434	6,896,579	409,847	530,995	483,178	576,877	723,731	3,271,166	22,558,807

18 Негізгі қаражат және материалдық емес активтер, жалғасы

мың теңге	Жер телімдері мен ғимараттар	Компьютерлік және банк жабдықтары	Көлік құралдары	Офис жиһазы	Аяқталмаған құрылыс және орнатуға жабдықтар	Жалға алынған жылжымайтын мүлікті жақсарту	Сауда белгісі	Бағдарлама- лық қамтамасыз ету және басқа материалдық емес активтер	Барлығы
Нақты құны									
2013 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	9,716,037	7,408,967	543,676	571,440	82,091	300,143	1,075,716	3,356,923	23,054,993
Түсімдер	772,740	3,456,032	139,118	155,008	925	252,224	-	853,326	5,629,373
Шығулар	-	(179,936)	(4,797)	(6,606)	-	(4,636)	-	-	(195,975)
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	10,488,777	10,685,063	677,997	719,842	83,016	547,731	1,075,716	4,210,249	28,488,391
Тозу және амортизация									
2013 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	(955,350)	(3,273,766)	(287,370)	(150,192)	-	(245,661)	(143,429)	(1,517,033)	(6,572,801)
Жыл ішіндегі тозу және амортизация	(235,521)	(1,338,701)	(61,569)	(63,019)	-	(41,694)	(105,145)	(783,624)	(2,629,273)
Шығулар	-	164,350	4,797	5,026	-	4,636	-	-	178,809
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	(1,190,871)	(4,448,117)	(344,142)	(208,185)	-	(282,719)	(248,574)	(2,300,657)	(9,023,265)
Баланстық құны									
2013 жылғы 31 желтоқсанда	9,297,906	6,236,946	333,855	511,657	83,016	265,012	827,142	1,909,592	19,465,126

Негізгі құралдардың объектілерін сатып алумен немесе құрылысымен байланысты қарыздар бойынша капиталдандырылған залалдар 2014 жылы болған жоқ (2013 жылы: осындай заладар болған жоқ).

19 Басқа да активтер

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Сатылған тұтынушылық кредиттер бойынша дебиторлық берешек	9,247,679	-
Берілген активтерге жалғасты қатысудан түскен актив	5,547,428	4,235,721
Аккредитивтер бойынша дебиторлар	2,395,174	3,265,562
Есептелген комиссиялық кіріс	1,306,578	1,158,797
Пластикалық карталармен жүргізілетін операциялар бойынша есеп айырысулар	937,119	525,003
Қарыз операциялары бойынша дебиторлар	884,828	852,089
Сактандыру шарттары бойынша дебиторлық берешек	-	174,710
Басқалары	1,312,642	751,683
Құнсыздануға арналған резерв	(850,977)	(548,429)
Қаржылық активтердің басқаларының барлығы	20,780,471	10,415,136
Күрделі шығындар бойынша алғы төлемдер (аванс)	2,089,642	2,416,402
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	604,546	205,115
Алдын ала төлемдер	416,026	118,721
Шикізаттар мен материалдар	179,939	200,804
Басқа қаржылық емес активтердің барлығы	3,290,153	2,941,042
Басқа активтердің барлығы	24,070,624	13,356,178

Қатысуды жалғастырудан түскен 5,547,428 мың теңге сомасындағы актив (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 4,235,721 мың теңге) ипотекалық компанияның қарыздарын 2014 жылғы маусымда және 2013 жылғы желтоқсанда сату нәтижесінде пайда болды.

Құнсыздануға арналған резервтің өзгерісін талдау

31 желтоқсанда аяқталған бір жылдағы құнсыздануға арналған резервтің өзгерісі келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Жыл басындағы жағдай бойынша құнсыздануға арналған резервтің көлемі	548,429	403,949
Құнсыздануға арналған резервтің таза құрылуы/(қалпына келтірілуі)	260,287	(37,271)
(Есептен шығару) қалпына келтіру	(7,093)	177,217
Бағамдық айырманың әсері	49,354	4,534
Жыл соңындағы жағдай бойынша құнсыздануға арналған резервтің көлемі	850,977	548,429

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа активтер құрамына 23,849 мың теңге сомасындағы мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешек (2013 жылғы 31 желтоқсан: 18,081 мың теңге) кіреді, оның ішіндегі 4,450 мың теңге мөлшеріндегі дебиторлық берешек 90 күннен аса, бірақ бір жылдан кем мерзімге кешіктірілген (2013 жылғы 31 желтоқсан: 5,661 мың теңге) және 15,245 мың теңге бір жылдан аса мерзімге кешіктірілген болып табылады (2013 жылы 31 желтоқсанда: 7,077 мың теңге).

20 Банктердің шоттары мен депозиттері

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Мерзімді депозиттер	3,108,267	12,182,451
«Востро» түріндегі шоттар	209,045	425,604
	3,317,312	12,608,055

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте шоттары мен депозиттері капиталдың 10% астамын құрайтын банктер жоқ (2013 жылғы 31 желтоқсан: болған жоқ).

21 «Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек

Кепілге салынған бағалы қағаздар

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің «репо» мәмілелері бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған бағалы қағаздары бар (13, 16-ескертпе).

22 Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі депозиттер		
- Жеке клиенттер	13,794,801	15,161,887
- Корпоративтік клиенттер	59,365,784	49,936,199
Мерзімді депозиттер		
- Жеке клиенттер	154,715,096	125,059,041
- Корпоративтік клиенттер	315,681,152	211,623,978
	543,556,833	401,781,105

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің клиенттерінің жалпы сомасы 3,166,486 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсан: 3,095,332 мың теңге) депозиттері Банктің ұсынған кредиттері мен танылмаған кредит құралдары бойынша міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз етуі болып табылады.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтары капиталдың 10% астамын құрайтын 12 клиенті бар (2013 жылы 31 желтоқсанда: 11 клиент). Көрсетілген клиенттердің шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтарының жиынтық көлемі 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 249,067,801 мың теңгені құрайды (2013 жылы 31 желтоқсанда: 137,200,872 мың теңге) құрайды.

23 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Номиналды құны	103,492,180	31,960,649
(Дисконт)/сыйлықақы	(1,875,565)	105,413
Есептелген сыйақы	1,625,992	844,706
	103,242,607	32,910,768

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айналымдағы облигациялық шығарылымдар туралы ақпарат төменде берілген:

	Шығары- лымды тіркеу күні	Өтеу мерзімі	Купон мөлшер- лемесі	Тиімді сыйақы мөлшерле- месі	Баланстық құны	
					2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Бесінші эмиссия облигациялары	9-шіл.- 08 ж.	1-қыр.- 23 ж.	инфля- ция +1%	9.43%	7,667,789	7,719,479
Жетінші эмиссия облигациялары	24-қыр.- 08 ж.	21-қаң.- 19 ж.	инфля- ция +1%	7.89%	1,421,330	1,404,906
Тоғызыншы эмиссия облигациялары	15-қаз.- 08 ж.	15-қаз.- 15 ж.	13.00%	9.94%	20,957,912	21,484,606
Оныншы эмиссия облигациялары	7-мау.- 11 ж.	13-шіл.- 14 ж.	7.00%	7.60%	-	2,301,777
АҚШ долларында деноминацияланған еурооблигациялар	6-қар.- 14 ж.	6-қар.- 17 ж.	7.50%	8.33%	73,195,576	-
					103,242,607	32,910,768

24 Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Номиналды құны	29,984,550	40,000,000
Дисконт	(4,393,639)	(4,959,365)
Есептелген сыйақы	437,784	628,653
	26,028,695	35,669,288

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздарға Банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемелері кіреді. Банкрот болған жағдайда, реттелген борыштық бағалы қағаздар Банк өзінің барлық өзге міндеттемелерін толық өтегеннен кейін өтеледі.

2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша реттелген борыштық бағалы қағаздар эмиссиялары бойынша ақпарат төменде берілген.

	Шығары- лымды тіркеу күні	Өтеу мерзімі	Купон мөлшер- лемесі	Тиімді сыйақы мөлшерле- месі	Баланстық құны	
					2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Төртінші эмиссия облигациялары	29-мау.- 07 ж.	04-қыр.- 14 ж.	инфля- ция +1%	11.34%	-	9,938,138
Алтыншы эмиссия облигациялары	4-там.- 08 ж.	1-қыр.- 15 ж.	11.00%	10.96%	5,181,521	5,183,652
Сегізінші эмиссия облигациялары	15-қаз.- 08 ж.	15-қаз.- 23 ж.	инфля- ция +1%	13.40%	11,084,476	10,832,008
Он бірінші эмиссия облигациялары	20-қар.- 12 ж.	26-жел.- 19 ж.	8.00%	8.64%	9,749,850	9,715,490
Он үшінші эмиссия облигациялары	26-қар.- 13 ж.	10-қаң.- 24 ж.	9.00%	12.49%	12,848	-
					26,028,695	35,669,288

Инфляция деңгейі бойынша купондық төлемдермен индекстелген кірістірілген туынды құралдары негізгі борыштық құралдармен тығыз байланысқан ретінде қарастырылады, себебі инфляция индексі әдетте, осы мақсатта теңгені борыштық жүктемесіз экономикалық ортада қолданылады.

25 Басқа да тартылған қаражат

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Мемлекеттік қаржы институттарынан алған кредиттер	34,964,212	17,783,211
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен алған кредиттер	1,264,939	1,344,023
Шетел банктерінен алған кредиттер	1,633,422	2,283,115
	37,862,573	21,410,349

25 Басқа да тартылған қаражат, жалғасы

Бұдан әрі 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар бойынша өтеу талаптары мен төлем кестелері берілген:

	Валю- тасы	Орташа сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу жылы	Баланстық құны мың теңге
«Даму» шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Теңге	1.10-8.62%	2015-2034	19,523,987
«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі АҚ	Теңге	3.00%	2015-2021	13,438,003
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	2.00%	2034	2,002,222
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	Теңге	ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	2024-2026	908,114
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	АҚШ долл.	Либор +1%	2024-2025	356,825
Шетел банктері	АҚШ долл.	4.46%-4.51%	2015	1,633,422
				37,862,573

Бұдан әрі 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар бойынша өтеу талаптары мен төлем кестелері берілген:

	Валю- тасы	Орташа сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу жылы	Баланстық құны мың теңге
«Даму» шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Теңге	5.50-8.62%	2014-2020	17,783,211
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	Теңге	ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	2024-2026	1,009,017
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	АҚШ долл.	Либор +1%	2024-2025	335,006
Шетел банктері	Еуро АҚШ долл.	6.47%	2014	139,366
Шетел банктері	долл.	4.00-4.53%	2014	2,143,749
				21,410,349

«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тан (бұдан әрі қарай – «ҚазАгро») алынған кредиттер агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қаржылық сауықтандыру бағдарламасы бойынша алынған. Даму мен ҚДБ-ден алынған кредиттер белгілі өнеркәсіп салаларында қызмет жүргізетін шағын және орта бизнес (ШОБ) кәсіпорындарын қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі «Бағдарлама») сәйкес алынған.

ҚазАгро мен Банктің арасындағы кредиттік келісімдерге сәйкес, Банк оларды қаржылық сауықтандыруын қолдау мақсатында ауыл шаруашылығында қызмет жүргізетін компанияларға кредит бергені үшін жауапкершілікте болады. ДАМУ мен ҚДБ арасындағы қарыз шарттарына сәйкес Банк жылдық 6% мөлшерлемесі бойынша 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОБ қарыз алушыларына кредит бергені үшін жауапкершілікте болады. Банк басшылығы ҚазАгро, ДАМУ мен ҚДБ-тен ерекше сипатты кредиттерге байланысты белгілі өнеркәсіп салаларында қызмет жүргізетін субъектілерді қолдау үшін мемлекеттік компаниялар ұсынатын кредит беру нарығында жеке сегмент ұсынады. Нәтижесінде, ҚазАгро, Даму мен ҚДБ-нен кредит әдеттегі мәміле шеңберінде алынды, бұл ретте кредит шеңберінде алынған сома бастапқы тануда кредиттің әділ құнын көрсетеді.

26 Басқа да міндеттемелер

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Қатысуды жалғастырудағы міндеттемелері (15 (д)-ескертпе)	4,653,790	3,905,380
Кредиттер бойынша алдын ала төлемдер	4,392,583	4,070,655
Төлем карталары бойынша есеп айырысулар	866,762	281,062
Есептелген әкімшілік шығыстар	350,342	342,707
Сактандыру компаниялары алдындағы кредиторлық берешек	240,763	135,315
Кредит беру операциялары бойынша қарыз алушылар алдындағы кредиторлық берешек	199,464	233,836
Депозиттерге міндетті кепілдік беру қорына төлемдер	184,849	153,528
Күрделі шығындар бойынша кредиторлық берешек	10,165	257,152
Басқа қаржылық міндеттемелер	1,129,195	517,039
Басқа қаржылық міндеттемелердің барлығы	12,027,913	9,896,674
Демалыстар бойынша резерв	614,239	544,396
Алдағы кезеңдердің табыстары	441,238	390,787
Төленуі тиіс басқа да салықтар	282,285	308,311
Қызметкерлер алдындағы кредиторлық берешек	262,968	924,031
Басқа қаржылық емес міндеттемелер	9	8
Басқа қаржылық емес міндеттемелердің барлығы	1,600,739	2,167,533
Басқа міндеттемелердің барлығы	13,628,652	12,064,207

Кредиттер бойынша алдын ала төлемдер жеке қарыз алушылардың мерзімінен бұрын жүргізген төлемдерін білдіреді. Аталған төлемдер кезекті жарнаны төлеу басталған күндегі кредит қалдығы шотына есепке алынады.

27 Акционерлік капитал

(а) Шығарылған акционерлік капитал және эмиссиялық кіріс

Банктің тіркелген акционерлік капиталы 33,000,000 қарапайым акциялардан (2013 жылғы 31 желтоқсан: 33,000,000) және 3,000,000 шоғырландырымалы артықшылықты сатылмайтын акциялардан тұрады (2013 жылы: 3,000,000 акциялар).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылмаған және айналымдағы акционерлік капитал толық төленген келесі қарапайым акциялардан тұрады:

	2014 ж. Акциялар	2013 ж. Акциялар
955.98 теңгеде шығарылғандар	8,368,300	8,368,300
1,523.90 теңгеде шығарылғандар	2,631,500	2,631,500
1,092.00 теңгеде шығарылғандар	2,930,452	2,930,452
6,532.60 теңгеде шығарылғандар	2,280,881	2,280,881
Шығарылған және айналымдағы акциялардың барлығы	16,211,133	16,211,133

Қарапайым акциялардың иелері жариялануына қарай дивидендтер алуға құқылы, сондай-ақ Банк акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында акцияға бір дауыс беру құқығына ие.

(ә) Дивидендтер

Қазақстан заңнамасына және Банктің жарғы құжаттарына сәйкес бөлуге арналған қолжетімді резервтер ережелермен және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 1,500,016 мың теңге мөлшеріндегі немесе бір акция үшін 92.53 теңге мөлшерінде дивидендтер жарияланды және төленді (2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылда: 2,000,129 мың теңге немесе бір акция үшін 123.38 теңге мөлшерінде дивидендтер жарияланды және төленді).

27 Акционерлік капитал, жалғасы

(б) Резервтердің сипаты мен мақсаты

Жалпы банктік тәуекелдерді жабуға резервтер

2013 жылға дейін, Қазақстан Республикасының қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды бақылау және реттеу жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі-ҚҚА) «Екінші деңгейлі банктерде резервтік капиталдың минималдық мөлшерін белгілеу туралы» №196 қаулысына (2013 жылы күшін жойды) 2011 жылғы 31 қаңтарда енгізілген түзетулерге сәйкес, Банк бөлінбеген пайдадағы соманы бөлінбейтін (бөлінуге жатпайтын) резерв құрамына аудару арқылы резервтік капитал құруы тиіс еді. Жыл сайын аударылуы тиіс сома жіктелген активтер мен өткен жылғы шартты міндеттемелердің ұлғаю коэффициентіне көбейтілген қарапайым акцияларды ұстаушыларға тиесілі дивидендтер бөлінгенге дейін өткен жылдар үшін таза пайда ретінде есептелді (ҚБК Қаулысына сәйкес), жіктелген активтер мен шартты міндеттемелер ҚҚК 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 «Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтер) құру Ережелерін бекіту туралы» Қаулысына (2013 жылы күшін жойған) сәйкес анықталады. Пайыздық қатынастағы осындай ұлғаю 10% -дан кем және 100%-дан артық болмауы тиіс.

2014 жылдың ішінде банктік жалпы тәуекелдерді жабу резерві құрамына аударымдар жүргізілмеді. 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бөлінбеген пайда құрамынан банктік жалпы тәуекелдерді жабу резерві құрамына бір жыл ішінде 1,584,658 мың теңге аударылды.

«Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» №358 қаулыға 2013 жылғы 25 желтоқсанда енгізілген түзетулерге сәйкес нормативті белгіленген капитал бөлінбейді.

Динамикалық резерв

Қазақстан Республикасы Ұлттық банк Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең аз мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы» 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 қаулысына сәйкес Банк Қаулыда көрсетілген формуланы пайдаланып есептелген динамикалық резервті қалыптастырды. Қаулыға сәйкес резервтің көлемі нөлден кем болмауы керек және күтілетін шығындар сомасы мен резервті қалпына келтіруден түскен табыстың шегерімімен, ХҚЕС-қа сәйкес есептік тоқсан кезең ішінде танылған шығындарға құнсызданудан салық мақсатында шегерілетін нақты есептелген сомасы арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. Күтілетін шығындар белгілі бір коэффициенттерге көбейтілген есептік тоқсан ішінде клиенттерге берілген кредиттер көлемінің ұлғаюы негізінде бағаланады. Қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

2014 жылы динамикалық резервті ҚРҰБ 2013 жылғы 31 желтоқсандағы деңгейінде уақытша тоқтатты.

Банкке 2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бөлінбейтін динамикалық резервке қатысты қойылатын талап 6,733,233 мың теңгені құрайды.

28 Акцияға шаққандағы пайда

Акцияға шаққандағы пайданы есептеу таза пайда көлеміне және айналымдағы қарапайым акциялардың орташа өлшенген санына негізделеді және бұдан әрі қарай көрсетілгендей жүзеге асырылады. Банктің әлеуетті тоғытылған қарапайым акциялары жоқ.

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Таза пайда	11,018,398	12,914,949
Қарапайым акцияның орташа өлшенген саны	16,211,133	16,211,133
Қарапайым акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	679.68	796.67

29 Сегменттер бойынша талдау

Банк, бұдан әрі сипатталғандай, Банктің негізгі шаруашылық бөлімшелері болып табылатын бес есептік сегменттен тұрады. Көрсетілген негізгі шаруашылық бөлімшелері әр түрлі өнімдер мен қызметтерді ұсынады және түрлі технологиялар мен нарықтық стратегияларды қолдануды қажет ететіндіктен жеке-жеке басқарылады. Операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға, атап айтқанда Басқарма төрағасы (бұдан әрі «Басқарма төрағасы») басшылықтың әрбір негізгі шаруашылық бойынша ішкі есептерін тоқсанына кем дегенде бір рет қарастырады. Бұдан әрі қарай есеп берілетін әрбір сегмент операцияларының қысқаша сипаттамасы берілген.

- Бөлшек банктік қызмет көрсету – кредит беру, депозиттер тарту және жеке клиенттермен жүргізілетін басқа да операциялар жатады;
- Корпоративтік банктік қызмет көрсету - кредит беру, депозиттер тарту және корпоративтік клиенттермен жүргізілетін басқа да операциялар жатады;
- Активтерді және міндеттемелерді басқару – өтімді активтердің портфелін жүргізу (ақша қаражаты, ҚРҰБ-ғы және басқа банктердегі «Ностро» шоттары, банкаралық қаржыландырулар (мерзімі 1 айға дейін), өтімді активтерге инвестициялар және облигация эмиссияларын басқару жатады;
- Шағын және орта кәсіпорындарға банктік қызмет көрсету - кредит беру, депозиттер тарту және шағын және орта кәсіпорындармен жүргізілетін басқа да операциялар жатады;
- Қазынашылық – Банкті нарықтық тәуекелдерді өтімді бағалы қағаздарға инвестицияларды (корпоративтік облигациялар) хеджирлеу мақсатында банкаралық қарыз алу және туынды қаржы құралдарын пайдалану арқылы қаржыландыру жатады.

Әрбір есептік сегменттің қызметінің нәтижелеріне қатысты ақпарат бұдан әрі келтіріледі. Сегмент қызметінің нәтижелері Басқарма төрағасы қарайтын, басшылықтың ішкі есептеріне кіргізген бойда табыс салығын шегерілгеннен кейін сегменттің алған пайдасы негізінде бағаланады. Сегмент алған пайда оның қызметінің нәтижелерін бағалау үшін қолданылады, басшылықтың пікірі бойынша бұл ақпарат экономиканың сол салаларында қызмет атқаратын басқа кәсіпорындармен салыстырғанда белгілі сегменттердің қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде барынша өзекті болып табылады. Сегменттер арасындағы операцияларда баға жасау тараптардың тәуелсіздігі талаптарында жүзеге асырылады.

29 Сегменттер бойынша талдау, жалғасы

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
АКТИВТЕР		
Бөлшек банктік қызмет көрсету	283,613,022	199,704,943
Корпоративтік банктік қызмет көрсету	254,144,549	177,625,586
Активтерді және міндеттемелерді басқару	145,493,736	100,214,047
Шағын және орта кәсіпорындарға банктік қызмет көрсету	40,678,626	44,099,466
Қазынашылық	2,874,478	4,384,929
Бөлінбеген активтер	109,163,588	61,403,133
Активтердің барлығы	835,967,999	587,432,104
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Корпоративтік банктік қызмет көрсету	332,921,698	224,544,900
Бөлшек банктік қызмет көрсету	165,272,579	136,239,660
Активтерді және міндеттемелерді басқару	137,458,516	94,851,933
Шағын және орта кәсіпорындарға банктік қызмет көрсету	37,683,676	41,782,949
Бөлінбеген міндеттемелер	94,368,780	31,242,480
Міндеттемелердің барлығы	767,705,249	528,661,922

Жалпы активтермен және есептік сегменттердің арасындағы салыстырып тексерулер келесі түрде берілуі мүмкін:

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Есептік сегменттердің активтерінің барлығы	835,967,999	587,432,104
Басқа түзетулер	(30,923,096)	(3,162,814)
Активтердің барлығы	805,044,903	584,269,290
	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Есептік сегменттердің жалпы міндеттемелері	767,705,249	528,661,922
Басқа түзетулер	(30,923,095)	(3,159,489)
Міндеттемелердің барлығы	736,782,154	525,502,433

29 Сегменттер бойынша талдау, жалғасы

2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдағы негізгі есептік сегменттер бойынша ақпарат келесі түрде берілуі мүмкін:

мың теңге	Шағын және орта		Бөлшек банктік қызмет көрсету	Қазынашылық	Активтерді және міндеттемелерді басқару	Бөлінбеген активтер мен міндеттемелер	Барлығы
	Корпоративтік банктік қызмет көрсету	кәсіпорындарға банктік қызмет көрсету					
Пайыздық кіріс	22,551,716	4,619,251	43,306,111	93,303	1,683,792	593	72,254,766
Комиссиялық кірістер	1,952,864	1,721,698	16,074,087	-	-	395,840	20,144,489
Бағалы қағаздармен жүргізілген операциялардан, дилингтік операциялардан және бағам айырмаларынан түскен таза пайда	1,178,290	439,346	1,323,145	762,118	734	1,221	3,704,854
Басқа кірістер	199,342	111,908	2,953,251	-	-	-	3,264,501
Қорларға трансферттік бағаның құрылуы	21,962,635	3,243,102	12,472,676	2,560	20,457,337	107,667	58,245,977
Түсім	47,844,847	10,135,305	76,129,270	857,981	22,141,863	505,321	157,614,587
Пайыздық шығыстар	(15,668,188)	(2,576,369)	(10,740,196)	(16,028)	(10,169,049)	(1,075,490)	(40,245,320)
Комиссиялық шығыстар	(182,748)	(46,159)	(3,581,541)	(10,614)	(164,140)	(181,017)	(4,166,219)
Құнсызданудың зияндары	(419,017)	(812,367)	(8,119,598)	-	-	-	(9,350,982)
Қорларға трансферттік бағаның құрылуы	(16,519,241)	(2,906,689)	(28,279,748)	(201,056)	(10,169,049)	(170,194)	(58,245,977)
Операциялық шығыстар (тікелей)	(1,276,946)	(1,421,524)	(10,816,094)	(196,042)	(1,917,995)	(160,428)	(15,789,029)
Операциялық шығыстар (жанама)	(1,747,765)	(979,318)	(12,381,844)	-	(313,668)	(262,441)	(15,685,036)
Корпоративтік табыс салығы	(954,589)	(301,311)	(1,813,802)	(45,493)	(1,517)	(237)	(3,116,949)
Сегмент бойынша нәтиже	11,076,353	1,091,568	396,447	388,748	(593,555)	(1,344,486)	11,015,075
Сегменттер бойынша басқа көрсеткіштер							
Негізгі қаржының түсімі	-	-	184,482	-	-	6,492,980	6,677,462
Тозу және амортизация	(350,390)	(240,614)	(2,332,972)	(45,538)	(214,366)	(92,902)	(3,276,782)

29 Сегменттер бойынша талдау, жалғасы

2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдағы негізгі есептік сегменттер бойынша ақпарат келесі түрде берілуі мүмкін:

мың теңге	Шағын және орта			Қазынашылық	Активтерді және міндеттемелерді басқару	Бөлінбеген активтер мен міндеттемелер	Барлығы
	Корпоративтік банктік қызмет көрсету	кәсіпорындарға банктік қызмет көрсету	Бөлшек банктік қызмет көрсету				
Пайыздық кіріс	18,567,552	6,142,194	36,219,214	159,772	1,077,999	51,915	62,218,646
Комиссиялық кірістер	2,045,590	1,519,068	13,292,143	-	-	391,655	17,248,456
Бағалы қағаздармен жүргізілген операциялардан, дилингтік операциялардан және бағам айырмаларынан түскен таза пайда	875,604	318,519	570,232	515,926	(136,558)	2,704	2,146,427
Басқа кірістер	343,263	155,019	1,535,946	-	-	-	2,034,228
Қорларға трансферттік бағаның құрылуы	16,438,708	1,465,734	9,484,967	-	16,773,799	114,610	44,277,818
Түсім	38,270,717	9,600,534	61,102,502	675,698	17,715,240	560,884	127,925,575
Пайыздық шығыстар	(10,965,913)	(1,658,956)	(8,601,018)	-	(7,396,254)	(76,030)	(28,698,171)
Комиссиялық шығыстар	(91,959)	(33,424)	(2,248,357)	(7,289)	(92,644)	(137,340)	(2,611,013)
Құнсызданудың зияндары	(947,111)	(185,623)	(7,007,638)	-	(4,290)	2,956	(8,141,706)
Қорларға трансферттік бағаның құрылуы	(12,964,502)	(3,636,932)	(20,456,334)	(199,055)	(6,861,868)	(159,127)	(44,277,818)
Операциялық шығыстар (тікелей)	(1,156,987)	(1,429,003)	(11,854,831)	(61,117)	(812,890)	(84,695)	(15,399,523)
Операциялық шығыстар (жанама)	(2,566,013)	(1,492,716)	(6,933,368)	(66,759)	(599,750)	(145,104)	(11,803,710)
Корпоративтік табыс салығы	(1,777,571)	(432,737)	(1,793,142)	(63,341)	-	(6,432)	(4,073,223)
Сегмент бойынша нәтиже	7,800,661	731,143	2,207,814	278,137	1,947,544	(44,888)	12,920,411
Сегменттер бойынша басқа көрсеткіштер							
Негізгі қаржының түсімі	-	-	147,351	-	-	5,482,022	5,629,373
Тозу және амортизация	(166,824)	(300,367)	(1,894,808)	(15,548)	(193,596)	(58,130)	(2,629,273)

29 Сегменттер бойынша талдау, жалғасы

Есептік сегменттердің түсімінің және пайданың немесе зиянның көлемі арасындағы салыстырып тексерулер келесі түрде берілуі мүмкін:

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Есептік сегменттердің түсімі	157,614,587	127,925,575
Қорларға трансферттік бағаның құрылуы	(58,245,977)	(44,277,818)
Басқа түзетулер	(5,923,284)	(3,525,437)
Кірістердің барлығы	93,445,326	80,122,320
Есептік сегменттердің пайдасы	11,015,075	12,920,411
Құнсыздану зияндарының айырмасы	(677,992)	(106,153)
Басқа түзетулер	681,315	100,691
Пайданың барлығы	11,018,398	12,914,949

Басқа түзетулер. Осы түзетулер, негізінен басқа активтер мен басқа міндеттемелердің өзара есеп айырысуында берілген. Осы түзетулер, негізінен алғанда басқа активтер мен басқа міндеттемелерді өзара есепке алып берілді, басқа түзетулер Төрағаның басшылыққа жалпы есептеу негізінде дайындалған ішкі есептердің талдауын жүргізу нәтижесінде туындайды, сондай-ақ ХҚЕС-қа сәйкес әзірленген қаржылық есептілік мақсаты үшін өзара есепке алу бөлінбеген активтер/міндеттемелер құрамына кіргізілген белгілі басқа активтерге/міндеттемелерге қатысты жүзеге асырылады.

Қорларға трансферттік бағаның құрылуы. Басшылыққа ішкі есептіліктің мақсаты үшін трансферттік бағаның құрылуы ақша ресурстарын тартатын сегменттер мен ақша қаражатын пайдаланып, пайыздық кірісті тудырушы активтер құрайтын сегменттер арасындағы кірістер мен шығыстарды өзара бөлуді білдіреді.

Ірі клиенттерге және географиялық өңірлерге қатысты ақпарат

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Банктің табысы жалпы табыстың 10%-дан асатын ірі корпоративтік клиенттері жоқ.

Сыртқы клиенттермен жүргізілген операциялардан түсетін табыстың басым бөлігі Қазақстан Республикасының резиденттерімен жүргізілген операцияларға келеді. Ұзақ мерзімді активтердің басым бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан.

30 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелді басқару банк қызметі негізінде жатыр және Банктің операциялық қызметінің маңызды элементтері болып табылады. Нарықтық тәуекелдігі, кредит тәуекелдігі, өтімділік тәуекелдігі және операциялық тәуекелдігі Банктің өз қызметін іске асыру кезінде тап болатын тәуекелдердің негізгілері болып табылады.

(а) Тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдері

Тәуекелдерді басқару бойынша Банк саясаты тәуекелдіктердің тиісті лимиттерін және бақылауларын белгілеуге, сонымен бірге тәуекелдік деңгейін және олардың белгіленген лимиттермен сәйкестігін тұрақты бағалауға Банк тап болған тәуекелдіктерді анықтауға, талдауға және басқаруға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты және рәсімдері банктік өнімдермен және қызметтермен ұсынылған және ең жақсы тәжірибе пайда болған нарықтық жағдайлардағы өзгерістерді көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісті дәрежеде жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдіктерді басқаруға және тәуекелдіктерді басқару саясаты және рәсімдерін, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауап береді. Саясат пен рәсімдерді осындай мақұлдау бастапқыда Директорлар кеңесінің оның Аудиторлық кеңесі атынан жүргізілді, оның құрамына үш тәуелсіз директор кіреді. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Директорлар кеңесі осы міндетті қайтадан құрылған Тәуекел мен ішкі бақылау жөніндегі комитетке берді.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(а) Тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдері, жалғасы

Басқарма тәуекелдіктердің мониторингін және азайту бойынша шараларды бақылау мен ендіруге, сонымен қатар Банк тәуекелдіктерді белгіленген шегінде өз қызметін іске асыруына жауап береді. Тәуекелдер бойынша кредит тәуекелдері департаментінің басшысының міндетіне тәуекелдік басқармасын жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарын сақтаумен бақылауды іске асыру, сондай-ақ қаржылық тәуекелдік бойынша да, қаржылық емес тәуекелдік бойынша да есептерді табу, бағалау, басқару және құрастыру бойынша жалпы қағидалар мен әдістерді пайдалануға бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Басқарма Төрағасына және Директорлар кеңесіне тікелей Аудиторлық комитет арқылы (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Тәуекел мен ішкі бақылау жөніндегі комитетті) есеп береді.

Кредит және нарықтық тәуекелдер мен өтімділік тәуекелін Кредит комитеті мен Активтер мен пассивтерді басқару комитеті (АПБК) тұтас алғанда портфель деңгейімен қатар, сондай-ақ жекелеген мәмілелер деңгейінде басқарады және бақылайды. Шешім қабылдау процесінің тиімділігін арттыру үшін Банк тәуекелдің түріне және ұшырау көлеміне байланысты кредит комитеттерінің иерархиялы құрылымын құрды.

Тәуекелдің ішкі және сонымен қатар сыртқы факторлары ұйымдастыру шеңберінде анықталады және басқарылады. Тәуекел факторларының барлық тізбесін анықтау үшін пайдаланатын және тәуекелдерді азайту бойынша ағымдағы рәсімдердің жеткіліктілік деңгейін анықтау үшін негіз болып табылатын тәуекелдердің карталарын жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Кредит және нарықтық тәуекелдердің стандартты талдауынан басқа, Тәуекел-менеджмент басқармасы жекелеген бағыттар бойынша сараптама бағасын алу мақсатында операциялық бөлімшелермен жүйелі түрде кездесу өткізу арқылы қаржылық және қаржылық емес тәуекелдердің мониторингін жүргізеді.

(ә) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл әділ құнының өзгеруі тәуекелі немесе нарықтық бағаның өзгеруі салдарынан қаржылық құрал бойынша болашақ ақша құралдарының ағымы. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелдіктен, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі тәуекелдігінен, сонымен қатар басқа да баға тәуекелдіктерінен тұрады. Нарықтық тәуекелдік нарығындағы жалпы және арнайы өзгерулері әсерінен және нарықтық бағаның волатилді деңгейінің өзгерулері әсерінен бүлінген валюталық және үлестік қаржылық құралдардың пайыздық қатынасына ашық жайғасым арқылы туындайды.

Нарықтық тәуекелдіктің бүлінуі қабылданатын параметрлер шеңберінен шығып кетпеуін басқару және бақылау жасау, сонымен қатар қабылданған тәуекелдікке алынған пайданы оңтайландыруды қамтамасыз ету нарықтық тәуекелдіктің тапсырмасы болып табылады.

Банктің Басқарма мүшесі басқаратын активтер мен пассивтерді басқару комитеті (АПБК) нарықтық тәуекелдікті басқаруға жауап береді. АПБК Тәуекел-менеджмент департаментінің ұсыныстарын негізге ала отырып, нарықтық тәуекел лимитін бекітеді.

Банк нарықтық тәуекелдіктерді жеке қаржылық құралдары бойынша портфель көлеміне қатысты сыйақы мөлшерлемесі, валюталық жайғасымның өзгеру мерзімдерін, лимиттерін жоғалту бойынша лимиттер белгілеу арқылы ашық жайғасым бойынша басқарады. Банк әрдайым Басқармамен жаңартылатын және бекітілетін осы жайғасымдар мониторингін жүргізеді.

Банк, бұдан басқа жекелеген нарықтық сценарийлердің жекелеген сауда портфельдері мен жалпы жайғасымға (позицияға) қаржының ықтимал әсерін қарастыру үшін әр түрлі «стресс-тестілер» қолданады. Стресс-тестілер экстремалдық (төтенше) жағдайларда туындауы мүмкін шығындардың потенциалдық мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Банк пайдаланатын «стресс-тестілеріне» жататындар: тәуекел факторларының «стресс-тестілері», олардың шеңберінде тәуекелдің әрбір санаты стрестік өзгерістерге ұшырайды, сондай-ақ жекелеген позицияларға ықтимал стрестік оқиғалар қолдану қоса кіретін арнайы «стресс-тестілер».

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдерін талдауға негізделген сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін басқару Банктің таза пайыздық маржасының әр түрлі стандартты және сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі стандартты емес сценарийлерінің сезімталдық мониторингімен толықтырылады.

Банк, сондай-ақ өз сауда жайғасымдары (позициялары) бойынша нарықтық тәуекелдерді басқару үшін тәуекелдер (VAR) құнын бағалау әдіснамасын пайдаланады.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы****(і) Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі**

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі – бұл әділ құны өзгеруінің тәуекелі немесе нарықтық сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі салдарынан қаржылық құралдар бойынша ақша қаражатының болашақ ағымы. Банк нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің басымдылығы оның қаржылық жағдайы мен ақша қаражаттарының ағынының тербелісі ықпалына ұшырағыш болады. Осы ауытқушылықтар пайыздық маржа деңгейін өсіруі мүмкін немесе кенеттен пайыздық мөлшерлеме өзгергенде оны азайтуы да мүмкін, ол залалдардың туындауына алып келеді.

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдерін талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру мониторингі арқылы артықшылықпен басқарылады. 2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсанға негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарауға қатысты қысқаша ақпарат келесі түрде берілуі мүмкін:

мың теңге	3 айдан кем мерзім	3-6 ай	6-12 ай	1-5 жыл	5 жылдан аса	Пайызсыз	Баланстық құны
2014 жылғы 31 желтоқсанда							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	5,522,159	-	-	-	-	104,294,312	109,816,471
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	-	-	-	4,025,156	-	-	4,025,156
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	2,546,242	20,935	787	2,988,082	343,403	14,387	5,913,836
Банктердегі шоттар мен депозиттер	2,265,426	-	5,156,528	-	-	6,007,844	13,429,798
Клиенттерге берілген кредиттер	75,960,412	67,908,668	83,170,191	276,578,758	78,674,879	-	582,292,908
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	17,565,734	24,089	4,016,059	10,920,025	2,658,350	-	35,184,257
	103,859,973	67,953,692	92,343,565	294,512,021	81,676,632	110,316,543	750,662,426

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы****(і) Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, жалғасы****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдерін талдау, жалғасы**

мың теңге	3 айдан кем мерзім	3-6 ай	6-12 ай	1-5 жыл	5 жылдан аса	Пайызсыз	Баланстық құны
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктердің шоттары мен депозиттері	2,155,779	-	916,537	-	-	244,996	3,317,312
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	7,353,570	-	-	-	-	-	7,353,570
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	122,555,389	74,084,766	167,281,410	75,086,601	60,229,514	44,319,153	543,556,833
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,421,329	1,372,326	28,084,838	72,364,114	-	-	103,242,607
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	182,443	8,884	16,084,191	9,740,966	12,211	-	26,028,695
Басқа да тартылған қаражат	2,672,496	1,263,284	4,551,188	17,288,320	12,087,285	-	37,862,573
	136,341,006	76,729,260	216,918,164	174,480,001	72,329,010	44,564,149	721,361,590
	(32,481,033)	(8,775,568)	(124,574,599)	120,032,020	9,347,622	65,752,394	29,300,836

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы****(і) Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, жалғасы****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдерін талдау, жалғасы**

мың теңге	3 айдан кем мерзім	3-6 ай	6-12 ай	1-5 жыл	5 жылдан аса	Пайызсыз	Баланстық құны
2013 жылғы 31 желтоқсанда							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	27,818,022	-	-	-	-	53,196,137	81,014,159
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	8,531,885	11,672	995	2,421,122	-	14,198	10,979,872
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	1,004,645	-	-	1,594,205	2,598,850
Клиенттерге берілген кредиттер	67,760,947	13,321,572	79,726,750	216,731,200	48,973,249	-	426,513,718
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	12,019,283	2,425,890	1,017,294	7,999,839	-	-	23,462,306
	116,130,137	15,759,134	81,749,684	227,152,161	48,973,249	54,804,540	544,568,905
МИНДЕТТЕМЕЛЕР							
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	-	-	-	-	-	2,278	2,278
Банктердің шоттары мен депозиттері	9,887,543	-	2,279,333	-	-	441,179	12,608,055
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	8,803,285	-	-	-	-	-	8,803,285
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	41,579,752	44,611,986	159,739,988	94,117,034	11,726,765	50,005,580	401,781,105
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,666,155	540,864	9,760,007	20,943,742	-	-	32,910,768
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	404,139	224,514	20,332,188	5,001,847	9,706,600	-	35,669,288
Басқа да тартылған қаражат	3,578,391	1,571,497	2,571,278	9,369,350	4,319,833	-	21,410,349
	65,919,265	46,948,861	194,682,794	129,431,973	25,753,198	50,449,037	513,185,128
	50,210,872	(31,189,727)	(112,933,110)	97,720,188	23,220,051	4,355,503	31,383,777

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(і) Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, жалғасы

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі

Келесі кесте бұдан әрі қарай 2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесін көрсетеді. Аталған сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеудің шамамен алғандағы кірісін көрсетеді.

	2014 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %			2013 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %		
	Теңге	АҚШ доллары	Басқа валюталар	Теңге	АҚШ доллары	Басқа валюталар
Пайыздық активтер						
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	-	0.40	-	-	0.79	2.03
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	3.65	4.41	-	3.16	-	-
Банктердің шоттары мен депозиттері	7.00	5.50	-	-	2.99	-
Клиенттерге берілген кредиттер	19.81	9.32	10.99	20.50	10.95	11.27
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	4.38	6.42	-	3.60	-	-
Пайыздық міндеттемелер						
Банктердің шоттары мен депозиттері						
- Мерзімді депозиттер	9.00	3.50	-	5.44	0.49	1.03
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	37.23	-	-	3.30	-	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері						
- Корпоративтік клиенттер	10.43	2.71	0.97	7.38	4.45	2.55
- Жеке клиенттер	7.68	4.13	2.29	8.90	5.60	3.36
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	9.71	8.33	-	9.28	-	-
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11.13	-	-	10.92	-	-
Басқа да тартылған қаражат						
- Мемлекеттік қаржы институттарынан алған кредиттер	4.78	-	-	7.79	-	-
- Шетел банктерінен алынған кредиттер	-	4.49	-	-	4.23	6.47
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен алған кредиттер	5.50	1.83	-	5.50	1.93	-

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы****(і) Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, жалғасы*****Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерісіне сезімталдықты талдау***

Сыйақы мөлшерлемесін қайта қарастыру мерзімін талдауға негізделген пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелдігін басқару қаржылық активтер мен міндеттемелер сезімталдығына мониторинг (бақылау) жүргізумен толықтырылады. Сыйақы мөлшерлеменің өзгеру (сыйақы мөлшерлемесін қайта қарау тәуекелі) пайдасы немесе шығыны және капиталының сезімталдығына талдау келесі сипатта ұсынылуы мүмкін 2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен қайта қаралған жайғасымдар 100 базистік тармағына ұлғаю немесе кемуіне қарай қисық табыстылықтың қатар ілгерілеуінің қарапайым сценарийі негізінде құрастырылған:

	2014 ж.		2013 ж.	
	Пайда немесе зиян мың теңге	Капитал мың теңге	Пайда немесе зиян мың теңге	Капитал мың теңге
100 базистік тармағына мөлшерлемелердің кемуіне қарай қосарлас қозғалыс	520,394	520,394	30,339	30,339
100 базистік тармағына мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай қосарлас қозғалыс	(520,394)	(520,394)	(30,339)	(30,339)

Пайда немесе зиян және капиталдың өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары мен сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің өзгерісіне сезімталдығын талдау, салдарынан сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістері (2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін жайғасымдар негізінде жасалған) және сыйақы мөлшерлемелерінің 100 базистік тармағына ұлғаю немесе кемуі жағына қарай табыстылық ауытқымасының қатар ілгерілеуінің қарапайым сценарийі келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

	2014 ж.		2013 ж.	
	Пайда немесе зиян мың теңге	Капитал мың теңге	Пайда немесе зиян мың теңге	Капитал мың теңге
100 базистік тармағына мөлшерлемелердің кемуіне қарай қосарлас қозғалыс	-	99,059	-	52,634
100 базистік тармағына мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай қосарлас қозғалыс	-	(99,059)	-	(52,634)

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы****(ii) Валюталық тәуекел**

Банктің бірнеше шет ел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел – бұл әділ құны өзгеруінің тәуекелдігі немесе валюта бағамын айырбастаудағы өзгерістердің салдарынан қаржылық құралдары бойынша ақшалай қаражаттың болашақтағы ағымының өзгеру тәуекелдігі. Банк өзінің валюта тәуекеліне ұшырауын хеджирлейді. Банк шетел валютасындағы өзінің жайғасымын валюталық жайғасымдар бойынша лимиттер белгілеу арқылы және таза валюталық жайғасымдарға лимиттер белгілеу арқылы басқарады.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелердің валюта көрінісіндегі құрылымы келесі түрде берілуі мүмкін:

	АҚШ доллары мың теңге	Еуро мың теңге	Ресей рублі мың теңге	Басқа валюталар мың теңге	Барлығы мың теңге
АКТИВТЕР					
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	79,944,145	3,382,239	2,203,758	282,740	85,812,882
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	905,587	-	-	-	905,587
Банктердегі шоттар мен депозиттер	4,128,619	-	-	-	4,128,619
Клиенттерге берілген кредиттер	87,561,642	4,942,942	1,356,314	-	93,860,898
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	2,736,497	-	-	-	2,736,497
Басқа қаржылық активтер	3,865,048	296,381	783	-	4,162,212
Активтердің барлығы	179,141,538	8,621,562	3,560,855	282,740	191,606,695
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Банктердің шоттары мен депозиттері	1,108,345	10,747	2	18	1,119,112
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	283,720,577	8,570,502	3,696,892	251,844	296,239,815
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	73,195,576	-	-	-	73,195,576
Басқа да тартылған қаражат	1,990,247	-	-	-	1,990,247
Басқа қаржылық міндеттемелер	879,530	15,536	4,834	233	900,133
Міндеттемелердің барлығы	360,894,275	8,596,785	3,701,728	252,095	373,444,883
2014 жылғы 31 желтоқсанға таза жайғасым	(181,752,737)	24,777	(140,873)	30,645	(181,838,188)
Тәуекелдерді басқару үшін ұсталатын туынды қаржы құралдарының ықпалы	181,820,000	-	-	-	181,820,000
Тәуекелдерді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының ықпалы ескерілген					
2014 жылғы 31 желтоқсанға таза ұстаным	67,263	24,777	(140,873)	30,645	(18,188)

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(ii) Валюталық тәуекел, жалғасы

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелердің валюта көрінісіндегі құрылымы келесі түрде берілуі мүмкін:

	АҚШ доллары мың теңге	Еуро мың теңге	Ресей рублі мың теңге	Басқа валюталар мың теңге	Барлығы мың теңге
АКТИВТЕР					
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	57,378,680	5,575,921	1,368,409	251,592	64,574,602
Банктердегі шоттар мен депозиттер	2,594,099	-	-	-	2,594,099
Клиенттерге берілген кредиттер	64,878,389	1,409,494	909,145	-	67,197,028
Басқа қаржылық активтер	4,169,214	472,063	1,115	-	4,642,392
Активтердің барлығы	129,020,382	7,457,478	2,278,669	251,592	139,008,121
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Банктердің шоттары мен депозиттері	1,045,955	1,810,830	3	16	2,856,804
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	125,225,878	4,586,956	3,065,938	200,469	133,079,241
Басқа да тартылған қаражат	2,478,755	139,366	-	-	2,618,121
Басқа қаржылық міндеттемелер	281,486	14,852	8,256	364	304,958
Міндеттемелердің барлығы	129,032,074	6,552,004	3,074,197	200,849	138,859,124
2013 жылғы 31 желтоқсандағы таза жайғасым	(11,692)	905,474	(795,528)	50,743	148,997
Тәуекелдерді басқару үшін ұсталатын туынды қаржы құралдарының ықпалы	-	(843,922)	843,922	-	-
Тәуекелдерді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының ықпалы ескерілген 2013 жылғы 31 желтоқсанға таза ұстаным	(11,692)	61,552	48,394	50,743	148,997

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, 2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруі, төменде сипатталғандай капиталдың және табыс пен шығынның өсуіне (кемуіне) алып келер еді. Аталған талдау, есептілік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша мүмкін деп есептелінген Банктің көзқарасы бойынша, салықтарды шегерумен және валюта бағамы өзгеруінің негізінде жүргізілді. Талдау басқа барлық ауыспалылардың, оның ішінде сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалатыны туралы жорамалдарға сүйеніп жүргізілді.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(ii) Валюталық тәуекел, жалғасы

	2014 ж. мың теңге		2013 ж. мың теңге	
	Пайда немесе зиян мың теңге	Капитал мың теңге	Пайда немесе зиян мың теңге	Капитал мың теңге
Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 10% өсуі (2013 жылы: 20%)	5,381	5,381	(1,871)	(1,871)
Теңгеге қатысты Еуро бағамының 10% өсуі	1,982	1,982	4,924	4,924
Теңгеге қатысты Ресей рублінің бағамының 10% өсуі	(11,270)	(11,270)	3,872	3,872
Теңгеге қатысты басқа валюталардың бағамының 10% өсуі	2,452	2,452	4,059	4,059

Теңге бағамының 2014 жылғы және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда көрсетілген валюталарға қатысты ұлғаюы тең бағалы болатын еді, бірақ қалған басқа ауыспалылар өзгеріссіз қалған жағдайда кері әсерін тигізетін еді.

(iii) Басқа баға тәуекелдері

Басқа баға тәуекелдері – әділ құнның немесе қаржы құралдары бойынша ақша қаражатының болашақтағы ағындарының нарықтық бағалардың өзгеруі (сыйақы мөлшерлемелерінің немесе валюталық тәуекелдің өзгеру тәуекелінің ықпалы нәтижесінде туындаған өзгерістерден басқа) нәтижесінде, осындай өзгерістер аталған нақты құралына немесе оның эмитентіне тән факторлардың немесе нарықтағы айналымдағы осыған ұқсас барлық қаржы құралдарына әсер ететін факторлар салдарынан болғанына байланыссыз, ауытқу тәуекелі. Басқа баға тәуекелдері Банктің қаржы құралдары бойынша ұзақ немесе қысқа жайғасымы бар болған жағдайда туындайды.

(iv) Тәуекел (VAR) құнын бағалау әдіснамасы

Банк валюталық жайғасымға байланысты нарықтық тәуекелдің мониторингін жүргізу үшін тәуекел (VAR) құнын бағалау талдауын пайдаланады.

Тәуекелдің құнын бағалау әдіснамасы белгілі бір берілген сенімгерлік межелемесіндегі (интервалындағы) белгілі уақыт бөлігі ішінде нарықтық мөлшерлемелер мен бағалардың өзгеруі нәтижесінде тәуекелдік жайғасымдар бойынша орын алуы мүмкін ықтимал шығындарды бағалау тәсілін білдіреді. Банктің пайдаланатын тәуекел құнын бағалау үлгісі 99%-да сенімгерлік межелемесінен шығады және қаржы құралын ұстау кезеңінің ұзақтығы жайғасымның түріне байланысты 1 күн деп болжалдайды. Тәуекел құнын бағалау үлгісі көбінесе тарихи деректерге негізделген болжалдауды білдіреді. Үлгі нарықтық мөлшерлемелердің тарихи уақытша қатарларын негізге алып және әртүрлі нарықтар мен мөлшерлердің арасындағы өзара байланысты назарға ала отырып болашақты дамытудың ықтимал сценарийлерін жасайды. Нарықтық бағалардың ықтимал өзгерістері кем дегенде соңғы 12 айдағы нарықтық деректер негізінде анықталады.

Тәуекел құнын бағалау әдіснамасы нарықтық тәуекелдің ықтимал мәнін бағалауда маңызды құрал болып табылатындығына қарамастан оның бірқатар, әсіресе, өтімділігі төмен нарықтарға қатысты шектеулері бар, олар төменгі түрде берілуі мүмкін:

- Тарихи деректерді болашақтағы оқиғаларды анықтау үшін негіз ретінде қолдану барлық мүмкін болатын сценарийлерді көрсетпеуі мүмкін (бұл, әсіресе тек қана стандартты емес сценарийлерге қатысты);

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(iv) Тәуекел (VAR) құнын бағалау әдіснамасы, жалғасы

- Қаржы құралын ұстау кезеңінің ұзақтығы бір күнді қолдану барлық жайғасымдар 1 күнді құрайтын кезең ішінде сатылуы немесе хеджирленуі мүмкін дегенді болжалдайды. Іс жүзінде бұл барлық жағдайларда мүмкін болады, алайда, тек қана нарықтың төмен өтімділігі ұзақ кезеңге жалғасатын жағдайлар да болады;
- Сенімгерлік межелдемесін 99% қолдану, осы межелдеменің шегінен тыс туындауы мүмкін шығындарды назарға алмайды. Шығындар тәуекелдің құнынан да көп көлемді құрауы мүмкін деген ықтималдық 1% құрайды;
- Тәуекел құнының көлемін есептеу сауда-саттық сессияларының жабылу деректері негізінде жүргізілетіндіктен, күн ішіндегі ауытқушылықты ол әрдайым көрсете бермейді;
- Тәуекел құнын бағалау әдіснамасы бойынша есептелген тәуекелдің көлемі нарықтық бағалардың жайғасымына және құбылмалығына байланысты болады. Егер нарықтық бағалардың құбылмалылығы төмендесе, белгілі жайғасым үшін тәуекелдің құны да төмендейді және керісінше.

Банк нарықтық тәуекелді бағалауды жүргізу кезінде тек тәуекел құнының есебіне ғана сүйенбейді, себебі аталған әдіснамаға жоғарыда көрсетілген кейбір шектеулер тән. Тәуекел құнын есептеу әдісіне шектеулер, әрбір сауда портфелі бойынша тәуекелдерді ықтимал шоғырландыру шектеулерін, сондай-ақ жайғасымдар арасындағы сәйкессіздіктердің құрылымдық талдауын қоса, басқа жайғасымдарға қосымша басқа лимиттер мен сезімталдық лимиттерін енгізу арқылы есептеледі.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің валюталық тәуекеліне қатысты тәуекел құнының көлемі туралы деректер төменде көрсетілген:

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
Валюталық бағамдардың ауытқу тәуекелі	161,617	207,128

(б) Кредиттік тәуекел

Кредит тәуекелі - бұл қарыз алушымен немесе Банк контрагентімен міндеттемелерді орындамау нәтижесінде туындаған қаржылық шығасы тәуекелдігі. Банк кредит тәуекелінің (танылған қаржы активтері және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) жиналған лимитін белгілеу мен сақтау талаптарын қосқанда бекітілген саясат пен рәсімдерді пайдалану арқылы, сонымен қатар кредит тәуекеліне бақылау (мониторинг) жүргізу активі кіретін қызметтерге Кредит комитетін құру арқылы кредит тәуекелдігін басқарады. Кредит саясатын Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді.

Кредит саясаты келесілерді белгілейді:

- кредит өтінімдерін қарастыру және мақұлдау рәсімдері;
- қарыз алушылардың (корпоративтік және жеке) кредит қабілеттілігін бағалау әдіснамасы;
- контрагенттердің, эмитенттердің және сақтау компанияларының кредит қабілеттілігін бағалау әдіснамасы;
- ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау әдіснамасы;
- кредит құжаттамасына қойылатын талаптар;
- кредит тәуекелділігін әкелетін кредиттер мен басқа өнімдерге тұрақты мониторинг жүргізу рәсімдері.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(б) Кредиттік тәуекел, жалғасы

Кредит алуға корпоративтік клиенттердің өтініштерін клиенттермен жұмыс жүргізу жөніндегі менеджерлер жасайды, содан кейін заңды тұлғаларға берілген кредиттер портфелі үшін жауапкершілікте болатын Корпоративтік бизнес департаментінің қарауына береді. Бұл бөлімнің талдаушылары қарыз алушының бизнесінің және қаржылық жағдайының құрылымдық талдауын негізге алады. Осыдан кейін өтінімдер мен есептер Кредит тәуекелдері мен кепілдерді бағалау департаментінің тәуелсіз тексеруінен өтіп, екінші қорытынды беріледі; бұл ретте кредит саясатының талаптарын тиісті орындауы тексеріледі. Кредит Комитеті кредит алуға өтініштерді банктің ішкі департаменті ұсынған құжаттар негізінде тексереді. Кредит комитеті жеке операцияларды мақұлдаудың алдында оларды тәуекел ерекшелігіне байланысты Заң бөлімі, салықтар жөніндегі департаменті, бухгалтерия бөлімі тексереді.

Банк жекелеген кредиттердің жағдайының мониторингін тұрақты түрде жүргізіп отырады және жүйелі негізде өз қарыз алушыларының төлем қабілеттілігін қайта бағалауды жүргізіп отырады. Қайта бағалау рәсімдері соңғы есептік күнгі қарыз алушының қаржылық есептілігінің немесе қарыз алушының өзі ұсынған немесе Банктің басқа әдіспен алған басқа да ақпараттың талдауына негізделеді. Қамтамасыз етудің ағымдағы нарықтық құны да осылайша кәсіби бағалаушылардың тәуелсіз фирмаларымен немесе Банктің мамандарымен жүйелі түрде бағаланып отырады. Қамтамасыз етудің нарықтық құны кеміген жағдайда қарыз алушыға әдетте, қосымша қамтамасыз ету ұсыну туралы талап қойылады.

Жеке тұлғалардың кредит алуға өтініштерін қарастырумен бөлшек бизнес бөлімшелері айналысады. Бұл ретте кредит алуға өтініштегі деректерді тексерудің Тәуекел-менеджмент департаментімен бірлесіп әзірленген скорингтік моделі және рәсімдері қолданылады.

Кредит тәуекелі және кепілдерді бағалау департаменті жүргізген жекелеген қарыз алушыларды талдаудан басқа, Тәуекел-менеджмент департаменті, сондай-ақ кредиттер мен нарықтық тәуекелдердің топтасуына қатысты тұтастай алғанда кредит портфеліне бағалау жүргізеді.

Кредит және кредит карталарының лимитіне қатысты мақұлдау кез келген сәтте жоққа шығарылуы мүмкін.

Кредит тәуекелінің ең жоғарғы деңгейі, әдетте, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есептегі қаржы активтерінің баланстық құнында және танылмаған (мойындалмаған) шарттық міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредит тәуекелін азайту үшін айтарлықтай мәні болмайды.

Кредит тәуекелінің есептік күнгі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты ең жоғарғы деңгейі келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

	2014 ж. мың теңге	2013 ж. мың теңге
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	74,963,731	60,943,830
Өзгерістері кезең үшін пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	4,025,156	-
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	5,899,449	10,965,674
Банктердің шоттары мен депозиттері	13,429,798	2,598,850
Клиенттерге берілген кредиттер	582,292,908	426,513,718
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	35,184,257	23,462,306
Басқа қаржылық активтер	20,780,471	10,415,136
Тәуекелдің максималды деңгейінің барлығы	736,575,770	534,899,514

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(б) Кредиттік тәуекел, жалғасы

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша кредит тәуекелінің шоғырландыруына талдау 15-ескертпеде көрсетілген.

Танылмаған шартты міндеттемелерге қатысты есептік күнгі жағдай бойынша кредит тәуекеліне ұшыраудың ең жоғарғы деңгейі 32-ескертпеде көрсетілген.

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің клиенттерге берілген кредиттердің жалпы көлемінің әрқайсысының үлесіне 10%-дан аса келетін қарыз алушылары немесе өзара байланысты қарыз алушылардың топтары жоқ.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу

Төменде көрсетілген кестеде ашылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерге кіретіндері:

- Банктің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте өзара есепке алынады, немесе
- қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте өзара есепке алынуына байланыссыз өзара есепке алу туралы бас келісімнің немесе осыған ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын осындай келісімдердің нақты заңды мәні болып табылады.

Ұқсас қаржы құралдарына туынды қаржы құралдары, «репо» мәмілелері, «кері репо» мәмілелері, бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісім мәмілелері жатады.

Банк туынды қаржы құралдарымен операцияларды биржада іске асырылмайтын орталық контрагент арқылы жүзеге асырады. Басшылық осыған ұқсас келісімдер маңызына қарай өзара есепке алумен теңестіріледі, және Банк өзара есепке алуды жүргізу критерийлеріне жауап береді, себебі толық сомалардағы есептеу механизмі кредит тәуекелінің және өтімділік тәуекелінің ең төменгі деңгейіне алып келетіндіктен, Банк осы арқылы бірыңғай есептеу процесі немесе циклі шеңберінде дебиторлық немесе кредиторлық берешекті реттей алады деп есептейді.

Банк қамтамасыз етуді ақша қаражаты және төмендегі мәмілелерге қатысты нарықтағы айналымдағы бағалы қағаздар түрінде алады және қабылдайды:

- туынды қаржы құралдары;
- «репо» мәмілелері, «кері репо» мәмілелері және
- бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер.

Осыған ұқсас келісімдер своп және туынды қаржылық құралдар жөніндегі дилерлердің халықаралық ассоциациясының (ISDA). Шеттен алып қамтамасыз ету туралы толықтыруы болып табылады. Қамтамасыз ету ретінде алынған/кепілге берілген көрсетілген бағалы қағаздар кепілге берілуі мүмкін және мәміленің әрекет ету мерзімі ішінде сатылуы мүмкін, бірақ мәмілені өтеу мерзіміне дейін қайтарылуы мүмкін екендігін білдіреді. Мәміле талаптары, сондай-ақ әрбір контрагентке қамтамасыз етуді ұсынуға контрагенттің қабілетсіздігі нәтижесінде тиісті мәмілелерді тоқтату құқығын береді.

Бұдан әрі кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есепке алу туралы бас келісімдер мен осыған ұқсас келісімдердің заңды нақты мәні болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері беріледі:

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(б) Кредиттік тәуекел, жалғасы

Қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу, жалғасы

мың теңге	Қаржы активтерінің/ қаржы міндеттемелерінің танылған толық сомасы	Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есептегі қаржы активтерінің/ қаржы міндеттемелерінің танылған толық сомасы	Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте өзара есепке алынбаған сомалар	Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте өзара есепке алынбаған сомалар	Ақшалай алынған қамтамасыз ету	Таза сома
Сатуға арналған колда бар қаржы активтері	5,190,687	-	5,190,687	(4,853,006)	-	337,681
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	2,674,557	-	2,674,557	(2,500,564)	-	173,993
Клиенттерге берілген кредиттер	28,971,665	-	28,971,665	-	(4,540,745)	24,430,920
Қаржы активтерінің барлығы	36,836,909	-	36,836,909	(7,353,570)	(4,540,745)	24,942,594
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(7,353,570)	-	(7,353,570)	7,353,570	-	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(4,540,745)	-	(4,540,745)	-	4,540,745	-
Қаржылық міндеттемелердің барлығы	(11,894,315)	-	(11,894,315)	7,353,570	4,540,745	-

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің толық сомасы және олардың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте берілген таза сомалары және ертеректер келтірілген кестеде ашып көрсетілген, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте келесі негізде бағаланады:

- «Репо» мәмілесі және «кері репо» мәмілесі, шеттен пайда алу туралы келісім нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелер және бағалы қағаздар қарызы – амортизацияланған құн.

«Репо» келісімдері бойынша (13, 16-ескертпе) кепілге салынған бағалы қағаздар берілген, танылуы тұтастай алғанда тоқтатылмаған қаржы активтерін білдіреді. Қарызға берілген немесе кері сатып алу міндетімен сату туарлы келісімдер шеңберінде сатылған бағалы қағаздар үшінші тарапқа беріледі, бұл ретте Банк ақша қаражатын алады. Осы қаржы активтері кепілге қайтадан берілуі мүмкін немесе Банктің өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда контрагенттермен сатылуы мүмкін, алайда контрагент шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанда бағалы қағаздарды қайтаруға міндеттенеді. Банк аталған бағалы қағаздарға меншік құқығынан туындайтын барлық тәуекелдер мен пайдалар өзінде сақталады деп анықтады. Банк бағалы қағаздардан түсетін ақша ағындарына өзінің шарттық құқықтарын сататын болғандықтан ол берілген активтерді келісімнің әрекет ету мерзімі ішінде пайдалануға мүмкіндігі жоқ.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(б) Кредиттік тәуекел, жалғасы

Қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу, жалғасы

Бұдан әрі кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есепке алу туралы бас келісімдер мен осыған ұқсас келісімдердің заңды нақты мәні болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері беріледі:

мың теңге	Қаржы активтерінің/қаржы міндеттемелерінің танылған толық сомасы	Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынған қаржы активтерінің/қаржы міндеттемелерінің танылған толық сомасы		Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте өзара есепке алынбаған сомалар		
				Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте өзара есепке алынбаған сомалар	Ақшалай алынған қамтамасыз ету	Таза сома
Қаржы активтерінің/қаржы міндеттемелерінің түрлері				Қаржы құралдары		
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	9,387,811	-	9,387,811	(8,803,285)	-	584,526
Клиенттерге берілген кредиттер	26,231,188	-	26,231,188	-	(2,483,019)	23,748,169
Қаржы активтерінің барлығы	35,618,999	-	35,618,999	(8,803,285)	(2,483,019)	24,332,695
«Репо» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(8,803,285)	-	(8,803,285)	8,803,285	-	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(2,483,019)	-	(2,483,019)	-	2,483,019	-
Қаржылық міндеттемелердің барлығы	(11,286,304)	-	(11,286,304)	8,803,285	2,483,019	-

(в) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Банкте қаржылық міндеттемелерді орындау бойынша қиындықтардың пайда болу тәуекелі, ақшалай қаражатты немесе басқа қаржылық активтерді беру арқылы іске асырылатын есеп айырысулар тәуекелдігі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің сәйкессіздігі кезінде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімі мен сыйақы мөлшерлемесі бойынша сәйкес келулер және/немесе бақыланатын үйлеспеулер өтімділік тәуекелдігін басқаруда негіздік сәт болып табылады. Жүргізілген операциялардың әртүрлілігі және олармен байланысты белгісіздіктер салдарынан активтерді өтеу мен міндеттемелер бойынша толық сәйкестік операцияның табыстылығын өсіретін мүмкіндік беретін қаржылық институттар үшін қалыпты тәжірибе болып табылмайды. Мұндай сәйкессіздіктер операцияның пайдалылығын өсіруге мүмкіндік береді, алайда шығындардың туындауы тәуекелдігін өсіреді.

Банк оларды өтеу бойынша мерзімдердің келуіне қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшаның тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін ұстайды. Өтімділікті басқару бойынша саясатын Басқарма қарайды және бекітеді.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Банк шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, басқа банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің диверсификацияланған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ Банктің өтімділікке қатысты күтпеген талаптарына жедел және шұғыл ауытқушылықсыз қабылдауға қабілетті болуы үшін өтімділігі жоғары активтердің диверсификациялау портфелін белсенді қолдау көрсетуге бағытталады.

Банктің өтімділікті басқару бойынша саясаты келесілерді талап етеді:

- өтімділік активтерінің деңгейіне қажетті ақша қаражатының осы ақша түсімдерімен байланысты негізгі валюталар мен есеп айырысу бөлігінде ақша қаражатының түсімін болжау;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымдарын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру тарту бойынша жоспарлар әзірлеу;
- ақша ағымы үзілген жағдайда қорғаныш шарасы ретінде еркін іске асыруға мүмкін болатын өтімділігі жоғары активтер портфелін ұстану;
- өтімділік пен қаржыландырудың тапсырылған деңгейін ұстану бойынша резервтегі жоспарларды әзірлеу;
- өтімділіктің көрсеткіштерін заңды белгіленген нормативтермен сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Активтер мен міндеттемелерді басқару департаменті бөлімшелерден олардың қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтімділік құрылымы туралы және жоспарланған болашақ бизнестен күтілетін ақша қаражатының ағынын болжау туралы ақпарат алады. Активтер мен міндеттемелерді басқару департаменті содан кейін Қазынашылықпен бірлесіп негізінен саудаға, банктерге берілген кредиттер мен аванстарға арналған қысқа мерзімді өтімді бағалы қағаздардан және Банк үшін тұтастай алғанда өтімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін басқа банкаралық өнімдерден тұратын қысқа мерзімді өтімді активтердің тиісті портфелін қалыптастырады.

Активтер мен міндеттемелерді басқару департаменті күн сайын өтімділік жайғасымының мониторингін жүргізеді, ал Тәуекел – менеджмент департаменті жүйелі түрде нарық жағдайының қалыпты жағдайымен қатар қолайсыз жағдайында да болуы мүмкін әртүрлі сценарийлерді ескеріп «стресс-тестілер» жүргізеді. Қалыпты нарық жағдайларында өтімділік жағдайы туралы есептер апта сайын жоғары басшылыққа ұсынылады. Өтімділікті басқару жөніндегі саясатқа қатысты шешімді АПБК қабылдайды және Активтер мен міндеттемелерді басқару департаменті орындайды.

Бұдан кейінгі кестелерде қаржы міндеттемелері мен шарттың талаптарына сәйкес өтеу мерзімінің барынша ертерек басталу күніне қатысты кредит сипатындағы танылмаған міндеттемелер бойынша ақша қаражатының дисконтталмаған ағыны туралы ақпарат көрсетіледі. Осы кестелерде көрсетілген ақша қаражатының ағыны мен жылыстауының жиынтық мәні қаржы активтері мен міндеттемелері немесе шартты міндеттемелер бойынша ақша қаражатының дисконтталмаған шартты ағынын білдіреді.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы міндеттемелерінің өтеу мерзімдері бойынша талдауы келесі түрде берілуі мүмкін:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан аса	Ақша қаражаты ағынының түсу жиынтық мәні	Баланстық құны
Туынды емес қаржылық міндеттемелер							
Банктердің шоттары мен депозиттері «Репо» мәмілелері бойынша	245,775	2,182,500	-	944,282	-	3,372,557	3,317,312
кредиторлық берешек	7,408,893	-	-	-	-	7,408,893	7,353,570
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	126,438,344	44,249,242	79,794,959	174,899,705	186,562,818	611,945,068	543,556,833
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	43,768	325,218	4,069,613	24,408,947	100,117,849	128,965,395	103,242,607
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	675	275,000	991,295	6,266,970	37,658,341	45,192,281	26,028,695
Басқа да тартылған қаражат	1,055,268	1,093,331	1,552,350	5,907,637	38,775,437	48,384,023	37,862,573
Басқа қаржылық міндеттемелер	7,292,356	67,285	497	14,381	4,653,394	12,027,913	12,027,913
Міндеттемелердің барлығы	142,485,079	48,192,576	86,408,714	212,441,922	367,767,839	857,296,130	733,389,503
Кредит сипатындағы міндеттемелер	47,642,170	-	-	-	-	47,642,170	47,642,170

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы міндеттемелерінің өтеу мерзімдері бойынша талдауы келесі түрде берілуі мүмкін:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан аса	Ақша қаражаты ағынының шығу/(түсу) жиынтық мәні	Баланстық құны
Туынды емес қаржылық міндеттемелер							
Банктердің шоттары мен депозиттері «Репо» мәмілелері бойынша	7,067,478	3,296,339	-	2,442,639	-	12,806,456	12,608,055
кредиторлық берешек	8,812,266	-	-	-	-	8,812,266	8,803,285
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	69,652,393	20,295,636	54,284,135	166,429,318	119,969,886	430,631,368	401,781,105
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	126,486	285,330	1,298,073	3,946,089	37,890,508	43,546,486	32,910,768
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	620,000	917,500	11,537,500	43,865,000	56,940,000	35,669,288
Басқа да тартылған қаражат	1,064,149	1,970,040	1,233,571	3,297,882	18,316,976	25,882,618	21,410,349
Басқа қаржылық міндеттемелер	5,735,783	250,061	6,106	-	3,904,724	9,896,674	9,896,674
Туынды қаржылық міндеттемелер							
- Түсімдер	(843,922)	-	-	-	-	(843,922)	-
- Шығулар	846,200	-	-	-	-	846,200	2,278
Міндеттемелердің барлығы	92,460,833	26,717,406	57,739,385	187,653,428	223,947,094	588,518,146	523,081,802
Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер	72,185,025	-	-	-	-	72,185,025	72,185,025

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар банктен өзінің мерзімді депозиттерін кез келген сәтте алып алуға құқылы, бұл ретте көп жағдайларда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Осы депозиттер оларды өтеу мерзімдері бекітілген шарттарға сүйеніп көрсетілді.

Солай бола тұрса да басшылық осы опциялардың бар болуына және салымдардың басым бөлігі талап етілгенге дейінгі шоттарды білдіретін фактісіне байланысыз осы шоттар мен депозиттерді саны мен салымшылардың типі бойынша әртараптандыру және Банктің бұрынғы тәжірибесі осы шоттардың ұзақ мерзімді және қаржыландырудың тұрақты көзі екендігіне негіз болып табылады деп болжалдайды.

Басшылық белгілі қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша қаражаты ағынының қозғалысы басшылықтың ақша қаражаты ағынының қозғалысын басқаруға уәкілетті болуынан немесе өткен тәжірибеде аталған қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша ақша қаражаты ағынының қозғалыс мерзімдері шартта белгіленген мерзімдерден өзгеше екендігін көрсететіндіктен шартта белгіленгеннен өзгеше болуы мүмкін деп күтеді.

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

Төмендегі кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте (туынды құралдарды қоспағанда) көрсетілген сомалардың талдауы (күтілетін өтеу мерзімдері шеңберінде) көрсетілген:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Өтеу мерзімінсіз	Мерзімі кешіктіріл- гендер	Барлығы
Туынды емес қаржылық активтер								
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	109,816,471	-	-	-	-	-	-	109,816,471
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	-	2,546,242	21,722	2,988,082	343,403	14,387	-	5,913,836
Банктердегі шоттар мен депозиттер	6,007,384	2,265,426	5,156,528	-	460	-	-	13,429,798
Клиенттерге берілген кредиттер	28,811,294	35,187,897	148,349,449	272,423,573	75,860,787	-	21,659,908	582,292,908
Өтеу мерзіміне дейін ұсталған инвестициялар	5,570,411	11,995,323	4,040,148	10,920,025	2,658,350	-	-	35,184,257
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	-	-	-	-	-	5,607,853	-	5,607,853
Ағымдағы салық активі	2,145,193	-	-	-	-	-	-	2,145,193
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	-	-	-	-	-	22,558,807	-	22,558,807
Басқа да активтер	4,089,275	9,908,296	4,326,641	7,002	5,535,622	179,939	23,849	24,070,624
Активтердің барлығы	156,440,028	61,903,184	161,894,488	286,338,682	84,398,622	28,360,986	21,683,757	801,019,747

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

мың теңге	Талап егілгенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Өтеу мерзімінсіз	Мерзімі кешіктіріл- гендер	Барлығы
Туынды емес қаржылық міндеттемелер								
Банктердің шоттары мен депозиттері «Репо» мәмілелері бойынша	209,305	2,155,000	916,537	-	36,470	-	-	3,317,312
кредиторлық берешек	7,353,570	-	-	-	-	-	-	7,353,570
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	124,199,641	40,595,798	242,865,299	75,598,724	60,297,371	-	-	543,556,833
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	38,662	215,005	21,789,374	73,746,782	7,452,784	-	-	103,242,607
Реттелген шығарылған борыштық бағалы қағаздар	638	181,806	5,255,109	9,740,966	10,850,176	-	-	26,028,695
Басқа да тартылған қаражат	1,255,846	527,674	5,585,430	17,847,328	12,646,295	-	-	37,862,573
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	-	-	-	-	-	1,791,912	-	1,791,912
Басқа да міндеттемелер	7,657,915	626,846	675,343	15,154	4,653,394	-	-	13,628,652
Міндеттемелердің барлығы	140,715,577	44,302,129	277,087,092	176,948,954	95,936,490	1,791,912	-	736,782,154
Таза ұстаным	15,724,451	17,601,055	(115,192,604)	109,389,728	(11,537,868)	26,569,074	21,683,757	64,237,593

30 Тәуекелдерді басқару, жалғасы**(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

Төмендегі кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте (туынды құралдарды қоспағанда) көрсетілген сомалардың талдауы (күтілетін өтеу мерзімдері шеңберінде) көрсетілген:

